- оқушы мен оқытушының сабаққа дайындалуына қосымша материалдар береді;
- кей үдерістердің динамикасын көрсетеді (видеоүзінділер, анимация);
- көрнекілікті арттырады;
- кестенің орнына тартымды суреттермен анимациялар қолдану интербелсенді нысандарға қызығушылығын қызығушылығын арттырады;
- оқушылардың өз бетінше үй тапсырмасын орындау барысында қосымша материалдар ала отырып, өздерінің қабілет пен дағды мүмкіншіліктерін қалыптастырады.

Сабақта СБР қолдану, әрине мұғалімге қосымша жүктеме, бұл бір жағынан, ал екінші жағынан, сабақтың қызықты өтуіне, оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, түсінбеген тұстарын ұғынуға, сабақ үлгерімін жақсартуға себеп болады. Әлсіз және тұйық мінезді балалар үшін компьютерде өз бетінше жұмыс істеу пайдалырақ, себебі оны ешкім асықтырмайды, оған күлмейді, уақыт өте келе мұндай оқушылар өзіне сенімдірек, өзгелермен қарым-қатынаста кедергілерді жеңе алады.

Сонымен, сандық білім беру ресурстарын тек жаңа білім беру мүмкіндіктері ретінде ғана емес, жалпы білім берудегі жаңа бағыт, жаңа парадигма деп қарастыру қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы – Астана, 2010. – 52 б.

2. «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы //Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1534 Қаулысы. – Астана, 2012. – 42 б.

3. Усенков Дмитрий Юрьевич./ <http://www.npstoik.ru>

4. С.Г. Григорьев, В.В. Гришикун. Педагогические аспекты формирования образовательных ресурсов <http://mf.mgpi.ru/main/content/vestnik/Vestnik5/06>

5. Сидорова Наталья Михайловна, учитель информатики и математики - <http://nmsidorova.narod.ru>.



САЙТ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ

Г.Ж. Жетимекова

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

В статье рассматриваются основные методы особенности разработки сайта. Вместе с тем учтены основные правила разработки сайта. Рассмотрены пути предотвращения ошибок в ходе разработки сайта.

The article discusses the main features of the methods of developing the site. At the same time takes into account the basic rules for the development of the site. The ways to prevent errors in the design of the site.

Web-сайт бұл – бір-бірімен ортақ тақырыппен біріктіріліген және гиперсілметемелермен баяланыстырылған Web-парақтар жиыны. Олай болса, нағыз сайт құру үшін PHP, HTML мен CSS тілдерін білу жеткілікті.

Интернетті қолданушылардың қажетіне сай келетін, қызықты сайт жасау үшін сайтты құрастырушы адамның белгілі бір дәрежеде білімі, компьютерлік сауаттылығы болуы қажет. Сайт құрастыру үшін төмендегідей екі әдісті қолдануға болады:

Microsoft Front Page, Adobe (Macromedia) Dreamweaver секілді визуальды HTML редакторларды қолданып, жеткілікті дәрежеде жақсы сайт құрастырып, оны интернетте орналастыруға болады. Егер интернет желісінде іскерлікпен айналысып, сайт осы мақсатта қолданылса, онда Microsoft Front Page секілді программалардың өзін ғана қолдана отырып, көлемі шағын, көрнекі сайттар жасауға болады. Ал интернетте сайт жасаудың нағыз маманы болу үшін бір ғана Front Page немесе Adobe Dreamweaver программасын білудің өзі жеткіліксіз. Бірақ айта кету керек, бұндай редакторлар - сайт жасауды жаңадан үйренушілерге таптырмайтын құрал. Бұл программалардың басты артықшылықтары қандай? Біріншіден, сізге HTML тілін (Hypertext Markup Language – гипермәтіндер тілі) жоғары дәрежеде білудің қажеті жоқ. Екіншіден, бұндай программалардың көмегімен қарапайым, шағын сайтты аз ғана уақыттың ішінде құрастыруға болады. Үшіншіден, бұндай программалармен жұмыс жасай жүріп, сіз Web-сайт жасаудың негізгі принциптерін игересіз, яғни Front Page немесе Adobe Dreamweaver программасын жеткілікті дәрежеде үйренгеннен кейін басқа да осы секілді немесе бұдан күрделі программаларды игеріп кету аса қиынға соқпайды [1].

Сайтты құрастыру визуальды HTML редакторларда қалай іске асады?

Бұндай программаларды қолдану барысында, аспаптар панелінің көмегімен сурет, мәтін, гиперсілтеме сияқты т.б. объектілерді сайттың жекелеген парақтарына сауатты, дұрыс орналастыра білу қажет. Ал программа браузерге қажетті HTML кодты өзі жазады. Тек қана сайттың жалпы сыртқы түрі мен дизайнын қадағалап отыру керек.

Microsoft Front Page, Macromedia Dreamweaver секілді HTML редакторларда сайтты жасап шығаруға және оны интернетке орналастыру үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Мысалға Microsoft Front Page 2003 программасы HTML-кодты қатесіз және қолданушының тікелей араласуынсыз өзі ғана жаза алады. Программаның сыртқы келбеті, басқаша айтқанда интерфейсі қарапайым Word мәтіндік редакторын еске түсіреді. (Егер екі программаны да американдық Microsoft корпорациясы шығаратынын ескерсек, бұған таң қалудың қажеті жоқ). HTML кодын білмей-ақ, бұл программаның көмегімен мазмұнды, көрнекі сайттар жасап шығаруға болады.

Енді жоғарыда айтылған екінші әдіске тоқталайық:

Екінші әдіс HTML тілін терең білуде жатыр. HTML тілін жеткілікті дәрежеде меңгерген маман Microsoft Front Page, Macromedia Dreamweaver секілді редакторларда жұмыс жасай білсе де, білмесе де кез-келген сайтты құрастыра алады. Әрине оларға браузерге қажетті HTML кодты басынан аяғына дейін өзіне жазуға тура келеді. Қателерді де өзі түзетіп, HTML-анықтамаларын қолдана алады.



Сайт жасаудың негізгі кезеңдері

Әрине кез-келген маңызды істі бастап кету кімге де оңайға соқпайды. Егер жасағалы отырған сайтты қалай және неден бастау керек екендігі белгісіз болса, онда сайтты құрастырудың негізгі кезеңдерін әуелі ойша жоспарлап көрген дұрыс.

Сонымен, сайтты құрастыруды бастамас бұрын белгілі бір мақсатқа жеткізетін тиянақты жоспар болуы қажет. Алдын-ала жоспарсыз жасалған жұмыс көздеген мақсатқа жеткізбейді. Әуелі құрастырғалы отырған сайтты болашақта қызметі, қолдану саласы, өзгелерге тигізер пайдасы қандай болмақ, соны анықтап алу қажет. Бұл - ең бастысы және анықтап алғаннан кейін келесі кезеңге көшуге болады. Екіншіден, сайтта мәліметтердің қандай түрі негізгі болмақ (мәтін, сурет, анимация т.б.), оның дизайны, сыртқы келбеті қандай болмақ, жекелеген парақтарының ені мен ұзындығы, экранда орналасуын екінші кезеңде-ақ ойластыру қажет [2].

Қазір Интернет желісінде көріп жүрген кез-келген web-сайттың, олардың әрқайсысының мазмұны мен қызметтері әртүрлі болғандығына қарамастан олардың барлығының ортақ қасиеті бар. Кез-келген сайттың бірінші кезекте ішкі келбеті, басқаша айтқанда қаңқасы болады. Онда сайттың негізін құрайтын мәтін, графика, гиперсілтемелер, т.б. өзінің қажетті жеріне орналасып, сайттың сыртқы келбетін жасайды [3].

Сайтты құрастырудың ең тиімді әдістерінің бірі қарапайым кестелерді қолдану. Қазіргі кезде кестелік дизайн ұғымы жиі кездеседі. Осыған тоқтала кетейік.

Егер жасалатын сайтта қарапайым мәтіннен басқа жарнама, суреттер, гиперсілтемелер т.б. мәліметтер орналасатын болса, онда жасағалы отырған парақтың бос бетіне әуелі кестені орналастырған тиімді. Кестедегі ұяшықтарды, бағандар мен жолдарды парақтағы мәліметке сәйкесінше өзгерту үшін көптеген html-редакторларда барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Мысалы төмендегі кестеде (1-кесте) кестелік дизайнның бір нұсқасы келтірілген:

1-кесте. Кестелік дизайн

1		
2	3	4
5		

Интернет желісінде осындай әдіспен құрастырылған сайттар көптеп кездеседі. Жоғарыда орналасқан 1-ші ұяшықта сайттың аты, тақырыбы орналасады. Әртүрлі графикалық редакторларды қолданып тақырыпты талғамыңызға сай әдемі, көрнекі түрде жазып, орналастыруға болады. Сол жақ ортада орналасқан 2-ші ұяшықта сайтқа кірген адамның жүріп-тұруы оңай болуы үшін навигация батырмаларын (бастапқы бет, форум, кері байланыс т.с.с.), басқаша айтқанда сайттағы барлық мәліметтердің қысқаша мазмұнын орналастыруға болады. Егер Web-сайт бірнеше парақтан тұратын болса онда навигация батырмаларын міндетті түрде орналастыру қажет. Ортада орналасқан 3-ші нөмірлі ұяшықта жасалатын сайттың негізгі ақпараты орналасады. 4-ші ұяшыққа жарнама, дауыс беру секілді қосымша объектілерді орналастыруға болады. Және соңғы 5-ші ұяшықта сайт авторы туралы қысқаша мәлімет т.б. ақпаратты орналастыруыңызға болады.

Келесі кезең - Web-сайттың жекелеген парақтарын қажетті ақпаратпен толықтыру. Сайт жасаудың ең маңызды аспектісі деп атаса да болады. Жасалатын сайтта орналасқан мәлімет басқалардың сұранысын қанағаттандыратындай қызықты болуы қажет. Тиісінше оған кірушілердің саны да көп болады. Бұл кезеңді сайт жасаушының ізденісін қажет ететін шығармашылық кезең деуге де болады.



Соңғы қадам дайын сайтты Интернет желісіне орналастыру. Өйткені жасалған сайттағы мәліметке басқалардың қол жеткізуі керек қой. Ол үшін домен аты, хостинг, ftp-клиент секілді ұғымдармен танысу қажет болады. Бұл web-программалаудың ең маңызды бөлігі.

Сайт жасаудың негізгі кезеңдері осылар деуге болады. Әрине, әрбір кезеңнің өзі бірнеше сатылардан тұрады. Өзгелердің ықыласына бөленетін қызықты сайт жасау үшін сайтты құрастырушы адамның белгілі бір дәрежеде білімі, компьютерлік сауаттылығы болуы қажет.

Сайт құрастырудың негізгі қағидалары:

1. Бірінші кезекте болашақ сайтқа қандай мәлімет, ақпарат орналастырылады, соны анықтап алу қажет. Мысалға, мектепте жұмыс жасап және сол мектеп туралы жазу керек болсын. Егер сайтқа кірушілердің санын көбейту керек болса, сайтқа бірінші кезекте өзіміз емес, өзгелердің көңілінен шығатын ақпаратты орналастыру қажет. Мектепте қандай ерекше салт-дәстүрлердің қалыптасқанын, қандай жаңалық енгізіп жатыр, қандай жетістіктерге жетіп, оған қалай қол жеткізгендерді көрсеткен дұрыс. Өзге мектептің мұғалімдері мен оқушыларына қызықты болатын сабақ жоспарларын, ғылыми жұмыстардың үлгілерін, әртүрлі мерекелік шаралардың сценарий, жоспарларын, мектепте оқытылатын кейбір пәндерге қажетті қосымша материалдарды орналастырылса - жасалған сайтқа кірушілердің саны күн санап артпаса, азаймайды. Ал егер сайттың әрбір бетіне мектептегі мұғалімдердің фотосы мен жетістіктерін тізіп жазып, сайыстарда алған орындарды, жүлделерді, онда түскен фотосуреттеріңізді, мұғалімдердің санаты, еңбек стажы т.с.с. басқаларға қажеті шамалы ақпаратпен толтырылса, ойлап қарасақ, осындай сайтқа келесіде өзіміз де кірмейтін едік. Бұндай сайттар адамды жалықтырып жібереді. Сондықтан сайтты өзгелерге қажеті шамалы құнсыз ақпаратпен толтырмай, онда қысқа да нұсқа қажетті ақпаратты орналастыру керек. Бұдан жасалған сайттың орасан зор желіде өздігінен жоғалып кетпей өзгелердің қажетіне жарап, көпке дейін өмір сүретіндігі анық [4].

2. Екінші, сайттың жекелеген мәліметтерді қоғамның қай аудиториясына арналады, соны білу қажет. Бір ғана тақырыпты бірнеше қырынан көрсетуге болады. Мысалы сайттың бір парағында сабақ жоспарын жазу керек болсын.

– Егер ол мұғалімдерге арнап жазылған болса, сабақты қысқаша жоспар түрінде көрсетіп, қажетті оқулықтар мен материалдарға, параграфтарға сілтеме жасауға болады. Басқа мұғалімдердің өз пікірін, көзқарасын білдіріп тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау керек (материалдың астына өз электронды адресімізді, анкета, форум, т.с.с. орналастыру қажет).

– Егер сабақ оқушыларға арналса, онда тақырыпты олардың барынша игеруін басты назарда ұстау қажет. Кейбір терминдерді мұғалімдер білгенімен оқушылар түсінбейді, сондықтан тақырыпты оқушы түсінетіндей қылып барынша аша білу керек.

– Егер материалды жоғарғы оқу орнына түскелі жүрген абитуриенттерге арнап жазған болсаңыз, сабақты барынша қысқартып, осы сабаққа қажетті қосымша оқулықтар мен сайттарға сілтемелер орналастыру керек.

3. Сайттағы барлық мәлімет жүйеленген, белгілі бір ережеге бағынатындай жинақы болуы қажет. Яғни, жасаған сайтқа кірушілердің өзіне қажетті ақпаратты жылдам іздеп табуына барлық мүмкіндікті жасау керек. Егер сайт бірнеше парақтан немесе бірнеше бөлімнен тұратын болса, онда парақтың бір бөлігіне навигация батырмаларын орналастыру қажет (басы, келесі, артқа т.с.с.). Қарапайым мысал: кітаптардың немесе газет-журналдардың бірінші немесе соңғы бетінде оның қысқаша мазмұны жазылатыны белгілі. Оқырман өзіне қажетті тарауды оның мазмұнынан іздеп тауып, қай бетте орналасқанын анықтайды. Ал Интернетте гиперсілтемені шертудің өзі жеткілікті. Сондықтан, көлемі шамадан тыс үлкен мәліметті түгелімен бір бетке орналастырмай, бірнеше тарауларға бөліп оларға гиперсілтемелер қойған жөн.

4. Сайтты жасап болған соң міндетті түрде тексеруден өткізу керек. Орфографиясын, әртүрлі экрандарда, браузерлерде бейнеленуін т.б. қадағалап отыру қажет.

Сөздердің дұрыс, қатесіз жазылуын басты назарда ұстау керек. Бұл жерде мәселе адамның сауатсыздығында емес, техникалық себебінде жатыр. Мәтінді терген адам бірнеше рет тексерсе де, кейде көз алдындағы қателерді байқамай қалады. Сондықтан мәтінді теріп болған соң, басқа біреудің тексеріп шыққаны дұрыс. Біз байқамаған қатені сырт көздің бірден байқауы мүмкін.

Кейбір web-сайттар әртүрлі браузерлерде әртүрлі көрінуі мүмкін. Браузер дегеніміз – интернет желісінде html тілімен жазылған web-парақтарды өзімізге түсінікті қарапайым тілге аударып



көрсететін программалар. Қарапайым тілмен айтқанда, интернетте саяхат жасау үшін қолданылатын программа. Ең танымал браузер – Microsoft Internet Explorer программасы (кейбір деректерге сүйенсек, интернетті пайдаланушылардың 70 %-ы осы программаны қолданады). Сонымен қатар, Mozilla Firefox (15%), Opera (15%) браузерлері де танымал. Интернетке кірушілердің барлығы бірдей Internet Explorer программасын қолданбайтынын есте сақтаған жөн. Сондықтан, жасаған сайтыңызды басқа браузерлермен де ашып көріңіз. Кейде Internet Explorer программасында тамаша күйде көрініп тұрған сайтыңыз Mozilla Firefox-та бытыраңқы күйге көшуі мүмкін. Оның басты себебі - бәсекелес Microsoft және Mozilla фирмалары html 3.2 стандартынан өзге өздерінің жеке тәгтерін ойлап шығарады. Сол себепті кейде Internet Explorer программасы оқитын тәгтерді Mozilla Firefox программасының аударма алмайтын кездері де болады.

5 Сайтты үнемі жаңартып отыру керек. Интернет – ұшы-қиыры жоқ қалың орманға ұқсайды, ал жасалған сайт сонда өмір сүретін тірі организм секілді. Ол орасан зор интернет желісінде сұраусыз жоғалып кетпей, бәсекелестікке төтеп беруі қажет. Ізденіп, еңбектеніп, үнемі жаңалықтарды, өзгерістерді қалт жібермей бақылап отыру керек. Біріншіден, сайттың мазмұнын, ондағы ақпаратты үнемі жаңартып отыру керек. Уақыт талабына сай келетін жаңасын қосып, ескісінен арылып отырған дұрыс. Екіншіден, сайттың көркемделуін (оформление, дизайн), сыртқы келбетін арасында өзгертіп отырған жөн. Әрине, бұл бұрынғыны түгелімен жойып жіберіп, қайтадан басқаша жасау керек деген сөз емес. Кез-келген сайттың оны өзгелерге ұқсатпайтын өзіндік ерекшеліктері, өзгермейтін атрибуттары болады. Сайтты бір рет көрген адам келесіде тағы бір кіріп, ештеңенің өзгермегенін, бұрынғы қалпында тұрғанын байқаса, ол үшіншіде мүлдем кірмей, жасалған сайттың бар-жоғын ұмытып кетуі мүмкін.

Сайт жасаушы маман негізгі деген осы бес ережені басшылыққа алып отыруы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Елена Бенкен. *PHP, MySQL, XML программирование для интернета.*-БХВ-Петербург, 2007.-306с.
2. Артемий Ломов. *HTML, CSS, скрипты. Практика создания сайтов.*-БХВ-Петербург,2003.-370с.
3. <http://www.ruseller.com>
4. Владимир Дронов. *PHP, MySQL и DREAMWEVAER MX 2004 разработка интерактивных web-сайтов.* Санкт-Петербург «БХВ-Петербург» 2007.-312с.



РЕФЛЕКСИЯ БІЛІМДІ САНАЛЫ ТҮРДЕ МЕҢГЕРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

С. Симбаева

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ, Өскемен қ.

В статье рассматривается понятие рефлексии, сведения об ее возникновении и классификация. А также уделяется внимание на ее роль в усвоении содержания учебного материала. Дается несколько видов рефлексии.

The article discusses the concept of reflection, information about its origin and classification. And also focuses on its role in the assimilation of the content of the training material. There will be several types of reflection.

Соңғы жылдары педагогикада «рефлексия» ұғымы кеңінен қолданыс тауып отыр. Сонымен қатар, білім берудегі оның маңызына да назар аударылуда. Жалпы, рефлексия біздің өмірімізде күнделікті кездеседі және адамзаттың алға жылжуында айтарлықтай маңызға ие. Біз өз әрекетімізге баға беріп, алдымызға жоспар құра отырып, болашаққа қадам жасаймыз. Міне, осының барлығы да рефлексивті ойлау арқылы жүзеге асқанымен, біз оны ғылыми дәрежеде талдай бермейміз. Шын мәнісінде осындай әрекетіміздің барлығын да рефлексияға жатқызуға болады. Осы тақырыпты қозғаудың өзектілігі де осында. Рефлексия туралы айта отырып, оның білім берудегі және оны меңгерудегі ролі мен оның қандай түрлері бар және қандай жағдайда қолданылады деген мәселелерге жауап беру мақаланың негізгі міндеттері болып саналады.

Жалпы «рефлексия» латынның «рефлексус» деген сөзінен шыққан. Көлдің құйылар жерінде оның толқынының бейнесі көрінетініне байланысты айтылып, «ішкі» деген мағынаға ие болған, яғни өз бейнесінің өз ішінде көрінуінен осылай аталса керек. Осыған ұқсас орыс тілінде де «рефлектор» деген ұғым бар. Ол – тұрмыстық және өндірістік құрылғының бір бөлігі. Бұл сөздің шығу тәркініне, қазақ тіліне нақты қай ұғым негізінде енгеніне терең бойламай-ақ, XIII ғасырдың өзінде ғылымда «жарық рефлексиясы» деген ұғыммен белгілі екенін айтуға болады.

Алғаш рет рефлексия туралы ұғымды Дж. Локк енгізген. Оның құрылымдап берген тұжырымы бойынша адамның басында басқа кішкентай адам отырады да, ол үлкен адамның әрекет, қылықтарын бақылап, барлығын тізіп белгілеп береді. Осы кішкентай адамның қадағалауына «рефлексия» деген ұғым берген. Дж. Локктің концептуалды сызбасындағы кішкене адамның әрекеті қандай деген заңды сұрақ туындайды. Оның атқаратын қызметі де үлкен адамдікіндей: тіркейді, салыстырады, айырмашылығын тауып, қорытынды шығарады, барлығын белгі түрінде көрсетіп отырады. Ал айырмашылығы: үлкен адам істейді, кішкене бақылайды. Дж. Локктің пікірін жоғары бағалаған И. Кант рефлексия дінге салыстыру әрекеті деп санаған. Сондықтан ол жалпы ойлану механизмі ретінде қарастырылады [1, 18 б.]

Адам өзінің (немесе өзгенің) санасына, ойлауына және мінез-құлқына, қол жеткізген біліміне, істеген қылықтарына назар аударып, ой елегінен өткізіп отыруы тиіс. Осылай әрекетті саралап, оның сәтті, сәтсіз шыққан тұстарын талдау келешекке жоспар құруда ескерілуі тиіс. Қазіргі таңда ол ғылымда «рефлексия» деген ұғыммен беріліп жүр. Рефлексия – адамның өз ойын, сезімі мен уәждерін ұғынуы, талдауы. Ой, сөз, қиял сияқты саналы қызметтің барлығы да рефлексивті ойлау бола алады. Бірақ оның барлығына сын тұрғысынан қарап, «мен неге бұлай ойлаймын?», «мен неге бұлай қиялдаймын?» деген сияқты сұрақ қойып отыратын болса ғана.

Психологиядағы және тұрмыстағы мағынасына қарайтын болсақ, рефлексия адамның өзіндік талдауы, өз жағдайына, қылықтарына, өткен оқиғаларға талдау жасауы. Оның барлығы адамның даму деңгейіне: білімділігіне, моральдік сезімі мен өзін-өзі бақылау дәрежесіне байланысты. Рефлексия арқылы адам өзіне, өзінің ойлау деңгейінен ғана емес, өзгенің көзқарасы арқылы да қарауы тиіс, яғни маған айналамындағылар қандай баға беруі мүмкін немесе мен өз ортамда қандай

деңгейде тұрмын деп ойлануы да жатады [2, 35 б.]. Рефлексия әрекетті қолдап, оны бекітіп отырады. Жалпы, әрекетсіз рефлексия, рефлексиясыз әрекет болмайды. Рефлексия:

- өткенге назар аудару;
- ішкі жағдай туралы ойлану;
- өзін-өзі тану;
- өзіндік талдау.

Педагог пікірі бойынша: рефлексия – бұл оқушының өз қызметін бағалауы. Оқушының өз еңбегін бағалай және оны басқалардікімен салыстыра білуге үйренуі өте маңызды. Өзіне-өзі талдау жасай білу оқушының өз қабілетін анықтауға және келешекте танымның қай саласын таңдау керектігіне көмектеседі.

Ал рефлексия жасап отырған педагог баланың ішкі жағдайын тани және оған дер кезінде көмек бере алады. Рефлексия әр қырынан қарастырылып, бірнеше жіктелімі беріліп жүр. Жіктеменің бір түрі:

- көңіл-күй және эмоциялық жағдай рефлексиясы;
- іс-әрекет рефлексиясы;
- оқу материалы мазмұнының рефлексиясы.

Көңіл-күй және эмоциялық жағдай рефлексиясын оқыту үдерісінде де, жалпы жұмыс барысында қолданып, адам өз әрекетіне, шама-шарқына талдау жасай отырып, алға жылжу деңгейін болжай алады. Мысалы: мына суреттер арқылы адам өзінің физиологиялық жағдайына көз жүгіртіп, әрі қарай қаншалықты өнімді жұмыс атқара алатынын білдіреді. Ал оқушы «өте шаршадым» деген смайлды көрсетсе, мұғалім келесі кезекте беретін тапсырма деңгейін анықтауына мүмкіндік туады.



1-сурет. Оқу материалын қабылдау деңгейін анықтау

Ал төменде бейнеленген бұлт және күн арқылы көңіл-күйді байқауға болады. Сонымен қатар, сабақ мазмұнын меңгеруде де пайдалану тиімді. Мысалы, күн – сабақ мазмұнын меңгердім, бұлт – ештеңе түсінбедім, тақырыпты меңгере алмадым, бұлт+күн – орташа деңгейде меңгердім, әлі де толықтыруым қажет дегенді білдіреді.



2-сурет. Сабақ мазмұнын меңгеру деңгейін білдіру



Ал келесі суреттегі аюлардың бейнелері арқылы да оқушы өзінің сабаққа деген қатынасын, психологиялық ахуалын танытады. Соған қарап мұғалім келесі әрекетін ұйымдастырады. Сабақ барысында көбінесе оқушылардың көңіл-күйі ескерілмей жатады. Негізінен тақырып мазмұнын меңгерту үшін де білім алушының психологиялық жағдайына назар аударып отырған абзал. Оқушы жан дүниесі қабылдай алмай тұрған нәрсені күштеп таңғаннан ештеңе өнбесі белгілі. Сондықтан да мәселеге қатысты білім алушы көзқарасы, қатынасы ескеріліп отырса, әрекет нәтижелі болмақ. Сонымен қатар, оқушы рефлексия жасай отырып, өз әрекетін ұйымдастыруға да дағдыланады, саналы түрде есеп беруге үйренеді, ойын жеткізу үшін тіл байлығын дамытады. Мысалы, көңілді аю кейпінде өзін бейнелегенін айтып беру үшін балаға ой ұшқырлығы, логика, оны жеткізу үшін сөздік қор қажет. Сонда бір ғана рефлексия жасата отырып, мұғалім оқушының бірнеше қабілетін шыңдайды. Ең бастысы тұлға ретінде өзінің ойлау қабілетіне, әрекетіне, оларды үйлестірудегі өз шеберлігіне баға бере алатын болады. Өзінің кім екендігін пайымдап, алдына мақсат қойып, жоспарлауға бейімделеді. Жалпы, рефлексия жасаудың философиясы тереңде жатыр. Сондықтан, оған үстірт баға бергеннен гөрі мазмұнын жан-жақты ашып, жеткіншектердің өз пікір-пайымын дәйектеп жеткізе алуына ықпал етуді мақсат еткен жөн. Сонда олар болашақта қоғам алдында да рефлексивті тұлға екендігін дәлелдей алатын болады.




Көңілді аю



Көңілсіз аю

3-сурет. Көңіл-күй рефлексиясы

Оқу материалы мазмұнының рефлексиясын таныту үшін «Табыс баспалдағын» қолдануға болады. Оны жаңа тақырып анықталғанан кейін сол мәселе бойынша оқушы білімі қай сатыда екенін өзі рефлексия жасай отырып, белгілей алады. Ал сабақ соңында қайта белгілетіп, екі аралықтағы айырмашылықты анықтау да маңызды. Егер айырмашылық болмаса, мұғалім өз әрекетіне талдау жасап, келешекке жоспар құра алады. Олай дейтін себебіміз, өтіліп отырған тақырып бойынша мұғалім неғұрлым жаңа мағлұмат, жаңа білім алуға оқушыны жетелеуі тиіс. Егер айырмашылық аз болып, жаңа білім алуға оқушыға жағдай жасай алмаса, оларды сабақтың жалықтырып жіберуі әбден мүмкін. Кейде білетін, өмірде кездестірген мәліметін мұғалімнің қайталап беріп тұруы да ықтимал. Сондай жағдайда рефлексия жасата отырып, білім алушылардың нені білетінін, нені жаңа білгенін саралап отырғаны тиімді.



4-сурет. Білімді меңгеру дәрежесін анықтау



«Нысана» рефлексиясы білімді меңгеру дәрежесін терең, ауқымды түрде анықтауда тиімді. Бір жағынан алғанда критерий арқылы бағалауды да алмастыра алады дейміз. Себебі, алдын ала белгіленген талаптарды орындай алғанын оқушының өзі де сезеді. Барлық талаптарды орындай отырып, нәтижеге жеткенде нысанаға дөп тиіп, өз білімінің тереңдігін, тақырыпты жан-жақты меңгергенін дәлелдеп шығады. Шығармашылық тапсырмаларды орындатуда да қолайлы. Тақырыптың күрделі немесе жеңілдігіне байланысты нысанаға жету тәсілдерін азайтуға не көбейтіп отыруға болады. Оған жету қадамдарын оқушының өзін қатыстыра отырып құрған абзал. Сонда бағалау неғұрлым әділ шығады. Сонымен қатар, білім алушы өз әрекетін ой елегінен өткізіп, талдау жасай отырып, білім деңгейін түсінуге мүмкіндік алады. Мысалы, тілдік пәндерді оқыту кезінде төменде келтірілген талаптар негізінде құруға болса, басқа сабақтарға олардың ерекшеліктеріне сай өзгерте құруға болады.



- 1 – әңгімелесіп отырғандар кімдер екенін анықтау;
- 2 – диалог тақырыбын табу;
- 3 – диалогте не туралы сөз болғанын айту;
- 4 – құрамына қарай сөйлем түрлерін ажырату;
- 5 – әңгімелесушілердің сөйлем құру ерекшелігін атау;
- 6 – орфографиялық норманың сақталуына талдау жасау;
- 7 – екі адамның ойын толық жеткізе алуына баға беру;
- 8 – диалогте кездескен етістік шақтарын анықтау;
- 9 – қорытынды ойды анықтай алуы;
- 10 – өзінің жасаған қорытындысына дәлелдер келтіруі.

5-сурет. «Нысана» рефлексиясы

«Көңіл-күй аралы»

Рефлексияның бұл түрін сабақ соңында пайдаланған тиімді. Себебі, тақырыпты оқушының қандай деңгейде меңгергенін байқап, мұғалім өз әрекетін де бағалай алады.



6-сурет. «Көңіл-күй аралы» рефлексиясы

Бұл жерде «Бермуд үшбұрышы» сабақ бойы айтылған ойлардың із-түссіз жоқ болып, оқушы санасына сіңбегенін білдіреді. Ал қалған аралдарды атаулары анықтап тұр.

Рефлексивті экран

Рефлексияның бұл түрі экрандағы жазбалар негізінде орындалуы тиіс. Сондықтан да «Рефлексивті экран» деп аталады. Шеңбер бойымен экрандағы фразаларды негізге алып, өз пікірлерін айтулары керек. Мысалы:

- 1 ... бүгінгі сабақтан ұққаным... ..
- 2 ... мен үшін жаңалық болғаны...
- 3 ... мен үшін түсінуге қиын болғаны ...
- 4 ... сәтті шыққаны...
- 5 ... жетілдіруді қажет ететіні...

Қазіргі таңда адамның өз әрекетіне рефлексия жасаудың бұдан басқа да көптеген түрлері бар.

Тазалық экраны

Бұл рефлексияда ортасында күн бейнеленген сурет, жан-жағында оқушылардың фотографиялары ілінеді. Бағыттаушы белгінің бағыты сабақта белсенді болған және шығармашылық танытқан оқушыны нұсқайтын етіп қойылады.

Жалпы, оқушы да, мұғалім де рефлексивті дағдысын қалыптастырып, дамытып отырса, өз іс-әрекетін үйлестіре де алады. Сөйтіп, рефлексия жасау нәтижеге жетудің тиімді жолының бірі болып табылады және білімді саналы меңгеруге айтарлықтай ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Колеченко А.К. *Энциклопедия педагогических технологий.*-Санкт-Петербург: «КАРО», 2002.- 368 с.
2. Бизяева А.А. *Психология думающего учителя: Педагогическая рефлексия.*- Псков, 2004.- 216 б.
3. Иманбекова Б. *Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс.*-Алматы, 2003.-136 б.

МЕЖКУЛЬТУРНОЕ ОБЩЕНИЕ КАК ОБЪЕКТ НАУЧНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

А.Ш. Танирбергенова, К.К. Базарбаева

Университет «Туран-Астана»

Мақала мәдениетаралық қарым-қатынас аспектісін зерделеуге бағытталған. Мәдениетаралық қарым-қатынастың мәселелерін шешуде «тілдік сана», «интенция» ұғымдарының мәні ашылып, зерттеу проблемасы тұрғысынан нақтыланған. Мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесі психокогнитивтік және социомәдени прагматикалық феномен ретінде қарастырылған.

Annotation This article examines of intercultural communication. The terms "competence" and "language consciousness", "intension" are specified in the article. Knowledge of pedagogy and psychology in intercultural communication are considered and it involves primarily the assimilation of data on cross-cultural communication as psychocognitive and sociocultural pragmatic phenomena.

В условиях интернационализации и глобализации образования основной проблемой процесса обучения и воспитания становятся задачи формирования межкультурной педагогической компетенции преподавателя и обучаемого. Традиционно педагогическая компетенция понималась как набор знаний, специальных и коммуникативных [1, С.151-154]. Такое понимание педагогической компетенции ориентировала лишь на знаниецентрическую модель, что сегодня является лишь начальным этапом обучения. Роль и значение образовательной подготовки не исчерпывается приобретением обучаемыми знаний и умений, необходимых для успешного освоения образовательной программы. Поэтому в «Концепции развития образования в Республике Казахстан до 2020 года» отмечено: «Для реализации поставленных задач необходимо изменить содержание образования – от знаниецентричного к компетентностному и ориентированному на результат» [2].

В теории педагогики межкультурного общения рассматривается целый ряд проблемных вопросов, таких как:

1. Межкультурное общение и социальные структуры. Общение исследовалось психологами, социологами, педагогами, но в этих исследованиях не было ее универсально-ценностного понимания, вследствие чего проблема изучения общения распалась на множество частных вопросов. Так, психологами общение характеризуется как специфическая форма взаимодействия с другими людьми. Общение рассматривалось вне предметной деятельности, вне его фундаментальных основ, хотя само общение представляет собой определенную форму социальной практики и не может быть понято вне реального процесса обработки людьми друг друга, которая осуществляется в контексте материального производства. Материально-практическая деятельность людей вместе с тем и процесс производственной конкретно-исторической связи между людьми, в ней создаются основы и средства отношений людей, их характер и глубина. Без исторической практики и вне осмысленной практики не может быть и взаимного диалога способностей, чувств и мыслей людей. Понимание общения в полном объеме требует обращения к общественно-исторической практике.

Социальная природа общения проявляется в том, что она предполагает взаимодействие с другими людьми, внутренний механизм жизни коллектива, который имеет целью планирование и координацию совместной производственной деятельности группы индивидов и общества в целом. И.П. Буева также считает, что общение не сводится к личным отношениям. Это «непосредственно наблюдаемая и переживаемая общественным индивидом реальность, конкретизация общественных отношений под углом зрения их персонификации, взаимодействия, включенных в данную общественную форму живых личностей [3, С.113].

Общение тесно взаимодействует с социальными структурами общества, так как общение и есть само социальное взаимодействие людей как членов общества. Потребность в общении относится



к числу базовых потребностей человека и представляет собой социальное взаимодействие между людьми посредством знаковых систем в целях передачи общественного опыта, культурного наследия и организации совместной деятельности. Отношения общения необходимо включать в общественные отношения. Они занимают в нем особое место. Место их определяется прежде всего тем, что они составляют часть непосредственного осознания человеческого бытия и являются атрибутом самого этого бытия. Общественные отношения являются существенным элементом непосредственных межличностных отношений людей, их личных контактов и поэтому наделены эмоциональностью (атрибут переживания), которой лишены другие отношения. Люди могут знать или не знать, какие материальные и идеологические отношения их связывают, но об отношениях общения они всегда осведомлены, ибо эти отношения есть их повседневная жизнь. Отношения общения могут рассматриваться как процесс превращения общественных отношений из виртуальной в реальную форму, в форму «действительного отношения», в форму действительности.

Р.С.Немов и К.Р.Алтунина также выделяют в структуре общения общественные и межличностные отношения, которые различаются по следующим признакам: 1) по признаку отношений, реализующихся между группами и отдельными индивидами. «Общественные отношения характеризуют общество в целом и отношения между социальными группами людей. Межличностные отношения – это отношения, складывающиеся между отдельными людьми»; 2) по признаку объективности и субъективности «Общественные отношения носят объективный характер, межличностные – субъективный»; 3) по признаку реализуемости отношений вне людей или среди людей «Общественные отношения существуют относительно независимо от самих людей, а межличностные отношения не существуют отдельно от реализуемых их людей; 4) наличием специфических понятий, характеризующих эти отношения; 1) социальная роль, социальный статус; 2) социальными установками (межличностные отношения) [4, С.79].

Различая социальные и межличностные отношения, Р.С.Немов и И.Р.Алтунина подчеркивают, что общественные социальные отношения, как и личностные, имеют психологические признаки, так как основные понятия, характеризующие социальные отношения, имеют и психологические свойства, так как одни и те же социальные роли могут исполнять психологически разные люди», но в то же время ролевые ожидания, хотя и вариативны, но имеют инвариант. Позиция человека в системе общественных отношений отражается в системе личностных отношений: чем выше социальный статус человека, тем выше его положение в межличностных отношениях [4].

Но в то же время и сами межличностные отношения возникают на основе общественных, как отношения между социальными группами и личностями, социальными элементами общества.

2. Межкультурное общение и проблемы понимания партнеров в условиях этнокультурной специфики сознания партнеров.

Национальные особенности общения – один из главных факторов, препятствующих успешному общению партнеров. Е.Ф.Тарасов напрямую связывает проблемы межкультурного общения с особенностями языкового сознания партнеров, утверждая, что общность языковых сознаний-необходимая предпосылка речевого общения; неполная общность является основной причиной коммуникативных конфликтов-непонимания партнерами друг друга, что есть следствие принадлежности их к разным культурам. Межкультурное общение – это случай функционирования сознания в аномальных (патологических) условиях, когда отсутствует оптимальная общность сознаний коммуникантов» [5, С. 30].

Неадекватность сознаний коммуникантов в ходе межкультурного общения – результат того, что языковое сознание индивидов, как опосредованный языком образ мира той или иной культуры, «то есть совокупность перцептивных, концептуальных и процедурных знаний носителей культуры об объектах реального мира» [6, С.5-6], имеет этнокультурную специфику.

Сознание в специальной литературе исследовалось в рамках нескольких направлений. Представители идеалистического направления (В.Вундт, Э.Титченер, Ф.Брентано и др.) разрабатывали теорию элементов сознания как идеалистических разновидностей «психологии сознания».

В работах В.Вундта сознание индивида рассматривалось в отрыве от предметного мира и деятельности человека и сводилось к простейшим «атомам» - элементам (ощущениям, образам и аффектам). По мнению В.Вундта, сознание (отождествляемые им с психикой путем отрицания



наличия бессознательных психических процессов) состоит из отдельных элементов, которые, соединяясь между собой по законам ассоциации, образуют представления, отражающие объективную действительность. Ощущениям (т.е. элементам сознания) присущи такие качества, как модальность и интенсивность. К основным элементам сознания относятся и чувства. Эти элементы связываются между собой при помощи ассоциативных и апперцептивных связей. Ф.Брентано в своей теории актов сознания, считал, что неперенным признаком сознания является интенция. Именно интенция позволяет отграничить психические явления от физических.

Интенция – это не просто активность. В ней совместно с актом сознания всегда существует какой-либо объект, который через представление восстанавливает в памяти отпечатки виденного или слышанного об объекте. Согласно Ф.Брентано следует говорить не о представлении, а о «представлении», т.е. о специальной духовной деятельности, благодаря которой осознается прежний образ. Кроме акта «представления» имеются еще акты суждения о чем-либо как истинном или ложном и акты эмоциональной оценки чего-либо в качестве желаемого или отвергаемого.

В теории «потока сознания» У.Джемса отношение человека к миру рассматривается как динамическое состояние, поэтому смена переживаний, социальные связи личности есть проявление взаимодействия индивидуальных сознаний в процессе общения. По мнению У.Джемса, поток сознания – это непрерывная работа человеческого сознания, несмотря на внешнюю дискретность, вызванную частично бессознательными психическими процессами. Сознание не только непрерывно, но динамично и изменчиво [7].

Анализ психологических точек зрения на природу сознания показывал несостоятельность этой точки зрения, так как представителями этих различных школ сознание рассматривалось в отрыве от человека, от его практически-предметной деятельности, преобразующей мир и самого человека, вне действительных общественных отношений.

Второе направление исследует сознание в связи с человеком и его деятельностью. С.Л.Рубинштейн подчеркивал, что основной закон исторического развития психики, сознания человека заключается в том, что человек развивается, трудясь: изменяя природу, он изменяется сам, порождая в своей деятельности – практической и теоретической – предметное бытие очеловеченной природы, культуры. Человек вместе с тем изменяет, формирует, развивает свою собственную психическую природу. Согласно С.Л. Рубинштейну, сознание – это психическая деятельность, состоящая в рефлексии мира и самого себя [8].

А.Н.Леонтьев также подчеркивает психическую природу сознания, так как оно отражает в сознании явления действительности, поэтому единицей сознательного действия является целостный акт отражения объектов субъектом, включающий единство противоположных компонентов: знания и отношения.

Ученый, характеризуя феномен сознания, подчеркивает его системность т.е. описывает его психологическую структуру, включающую знания, личностный смысл и чувственную ткань [9, 80].

Представители третьего направления считают, что сознание является не только психическим феноменом, но и общественным, так как оно выступает как тесно связанный с материальным миром продукт социального и общественного развития человека. Сознание идеальное, не будучи материальным явлением, постоянно выступает как объективное. Это проявляется, во-первых, в том, что константами для сознания являются предметы объективного мира. Сознание (идеальное), выражает образ символически, так как содержит в себе его смысл и основные очертания. В процессе познания объекта субъектом считываются его основные черты, дается понятие о нем, отражающееся в идеализированной форме; во-вторых, в структуру сознания входит не только отраженный в идеальной форме объективный мир, но и мир психики, и мир знаний. Сознание имеет три важнейшие психологические характеристики, к которым, по мнению Р.С.Немова, относятся: 1) ощущение себя познающим субъектом, т.е. способность мысленно представлять существующую и воображаемую действительность, контролировать собственные психические и поведенческие состояния, управлять ими, способность видеть и воспринимать в форме образов окружающую действительность; 2) мысленное представление и воображение действительности; 3) способность к коммуникации [4].

Сознание как общественный и психологический феномен имеет двойственную природу, так как, будучи собственно человеческой формой психического начала бытия, в то же время выступает и как объективное явление, являясь высшим уровнем отражения человеком действительности при



помощи языка, являющегося формой сознания. Именно язык, по мнению А.Брудного, способен передавать мысль в процессе общения благодаря тому, что слова чувственно воспринимаются; язык требует понимания «и это требование выполнимо потому, что его семантическая сфера нераздельна с психикой человека» [9].

Четвертое направление в изучении сознания – это подход, рассматривающий сознание «как продукт познания вещей, лучше сказать объектов, – пишет П.Я.Гальперин служит средством «для ориентировки действий с этими вещами». Достоинством когнитивного сознания служит его истинность, которая проверяется практикой, планомерным воздействием на вещи и мерой совпадения его фактических результатов с ожидаемыми, свободное от сиюминутных потребностей, но предусматривающее разнообразное использование, когнитивное сознание стремится к полноте отражения своих объектов и поэтому открыто для дополнений и изменений» [11].

Когнитивное сознание связано с восприятием объективного мира, категоризацией его явлений в сознании индивида и коллективном сознании общества. Языковое сознание является таким уровнем сознания, в котором образы и мыслительные представления получают оформление через язык.

Когнитивное сознание имеет форму определенных когнитивных структур, под которыми В.В. Красных [12] понимает содержательную, то есть имеющую определенное содержание (значение) форму кодирования и хранения информации. Информация, кодируемая и хранимая в виде когнитивных структур, включает в себя сведения, знания и представления не только о реальном мире, но и знание языка.

С сознанием как психическим и когнитивным феноменом связываются высшие формы психического функционирования и обработки знаний в ментальной форме. Но этот процесс происходит скрытно в области сознания как свойства мозга и мышления как деятельности мозга, наделенного сознанием (т.е. мыслительная деятельность), поэтому одним из важных направлений в исследовании сущности сознания является исследование, изучающее образы сознания, способы его овнешнения через языковое знание. Поэтому Е.Ф.Тарасовым было предложено определение, характеризующее языковое сознание как «образы сознания, овнешняемые языковыми знаками» [13].

Термин «языковое сознание» понимается по-разному: 1) с позиций «образа мира» языковое сознание опосредовано значениями; 2) языковое сознание представляет собой один из уровней в структуре целостной картины мира человека, т.е. как один из вариантов возможных схем освоения мира; 3) языковое сознание считается средством формирования, хранения и переработки языковых знаков вместе с выражаемыми ими значениями, правилами их сочетания и употребления.

В зарубежной российской психологической науке ведутся исследования по выявлению структуры языкового сознания и его национальной специфики. Исследуя два вида сознания (его внутреннюю и внешнюю форму), Л.С. Выготский вводит понятие знака и смысла в терминологический аппарат психологии. По его мысли, двойную функцию общения и обобщения выполняет знак-слово, «овнешнивающее мир» [14]. Л.С. Выготский рассматривает в этом случае значение как единицу анализа психики, наделяя его чертами смысла. А.Н. Леонтьев выделяет три структуры сознания такие, как чувственная ткань восприятия, образ, значение, смысл [9]. Структуры сознания или его образующие, по А.Н. Леонтьеву, выступают как элементы процесса восприятия объекта реальной действительности незвуковой природы. В.П. Зинченко предлагает дополнить леонтьевскую схему структуры сознания еще одним элементом, включив в структуру сознания биодинамическую ткань движения и действия. И это позволило ученому выделить в структуре образа сознания два слоя: 1) рефлексивный слой, т.е. слой значения и личностного смысла; 2) бытийный слой, в который входят чувственная и биодинамическая [15]. В.П. Зинченко подчеркивает, что бытийный и рефлексивный слои сознания взаимосвязаны, так как бытийный слой несет на себе следы развитой рефлексии, содержит в себе истоки и начала, а рефлексивный же слой сознания одновременно является событийным [15, С.23]. Исследователь видит причину этому, в наличии у них общего культурно-исторического генетического кода, который заложен в социальном (совокупном) предметном действии, обладающем порождающими свойствами, рождающиеся в действии образы, смыслы, значения, автономизируясь от действия, начинают развиваться по своим законам. Однако они и выводимы из действия, но не сводимы к нему.

Наличие в структуре сознания культурно-исторического генетического кода, заложенного в социальном предметном действии позволяет говорить о его национальной специфике, о его



способности селективно отражать окружающую действительность и способствовать формированию языковой картины мира при помощи средств национального языка.

Языковое сознание представляет собой часть национального общественного сознания, поэтому можно говорить о его этнокультурной специфике, которая является следствием выражения образов этнической культуры как достояния, присущего отдельному этносу в лице отдельных его представителей и отдельных групп, следствием «образа мы» (как представления о характерных чертах этноса) как результата психологического восприятия культурно-языковой и духовной индивидуальности общности на данной этнической территории в ее историческом судьбоносном развитии.

Национальное самосознание включает, наряду с эмоциональным компонентом (неосознаваемым сопереживанием своего единства с другими членами этнической группы), и национальное осознание принадлежности к определенной нации. Представление о ее свойствах как единого целого с общим историческим прошлым, привязанным к определенной территории, осознанное отношение к духовным ценностям своего народа и ориентация на них.

Этнокультурное языковое сознание рассматривается нами как этническое самосознание, которое включает в себя четыре основных компонента: 1) эмоциональный (неосознанное сопереживание своего единства с другими членами этнической группы); 2) рациональный (осознанное сопереживание своего единства с другими членами этнической группы); 3) рефлексивный слой; 4) бытийный слой.

Этнокультурная специфика сознания представителей различных культур, несовпадения образов сознания могут служить причиной неизбежного непонимания при межкультурном общении, так как «главная причина непонимания при межкультурном общении не различие языков, а различие национальных сознаний коммуникантов». Различие национальных сознаний коммуникантов связано с тем, что за телами знаков стоят ментальные образы культуры того или иного этноса.

И в этом случае прав Е.Ф.Тарасов [16], говоря о необходимости общности сознаний коммуникантов. Общность сознаний коммуникантов, необходимая для речевого общения состоит в общности знаний о мире и общности знаний о языке. Эта общность формируется при присвоении идентичной этнической культуры и при овладении одним и тем же национальным языком.

Как видим, в процессе межкультурного общения необходимо иметь общность языка и общность невербальных средств. Для устранения неадекватности вербальных и невербальных средств следует (сформировать слово) общность сознания партнеров общения. И в этом случае задачей педагога является устранение специфики этнокультурного сознания партнеров и формирование вторичного языкового сознания коммуникантов общего для партнеров. Сформулировать навыки говорения, слушания, чтения, - письма – задача сравнительно несложная, а вот осмысление, репрезентируемое этими текстами «картины мира», объективирование ее в поступках, смыслах, несущих прагматическую информацию, в значениях высказываний - задача непростая, приводящая к недопониманию.

Для осмысления вторичной языковой картины мира при помощи вторичного языкового сознания партнеров межкультурного общения следует разработать как стратегии формирования «вторичного языкового сознания», так и стратегии понимания и взаимопонимания. Поэтому национальная специфика межкультурного общения складывается из системы факторов, обуславливающих отличия в организации, функциях и способе опосредования процессов общения, характерных для данной культурно-национальной общности (или, в лингвистическом плане, - данного языкового коллектива). Эти факторы «прилагаются» к процессам общения на разном уровне их организации и сами имеют различную природу, но в процессах общения они взаимосвязаны и переплетены с другими факторами, обуславливающими и формирующими эти процессы, прежде всего с факторами собственно языковыми, психолингвистическими, прагматическими.

Как видим, в процессе межкультурного общения для устранения неадекватности этнокультурных сознаний партнеров следует знать эти факторы. И в этом случае задачей педагога является использование различных стратегий и методов для формирования общности сознаний партнеров межкультурного общения, а для этого осмыслить языковую картину мира народа, представителем которого является второй партнер.

Для осмысления вторичной языковой картины мира при помощи вторичного языкового сознания партнеров межкультурного общения следует разработать как стратегии формирования «вторичного



языкового сознания», так и стратегии понимания и взаимопонимания, стратегии повышения межкультурной компетентности партнеров стратегии адаптации и толерантности к культуре другого народа.

Список использованной литературы:

1. Калтаева Г.К. Теоретические проблемы модели формирования педагогической компетентности инженеров-педагогов//Материалы международной конференции «Наука и образование в XXI веке»; динамика развития в Евразийском пространстве. Павлодар, 2006 – с.151-154.
2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан до 2020 года.// <http://www.edu.gov.kz>
3. Бурева Л.П. Человек; деятельность, общение. – М.: Мысль, 1978. - 325 с.
4. Немов Р.С. Алтунина И.Р. Социальная психология. Спб: Питер, 2010.-432 с.
5. Тарасов Е.Ф., К построению теории межкультурного общения// Языковое сознание: формирование и функционирование. М.: ИН-Т языкознания РАН, 2000.-
6. Тарасов Е.Ф. Языковое сознание: устоявшееся и спорное. М., 2003.
7. Джемс У.Теория личности // Психология личности. Т.1. Хрестоматия. – Самара: издательский дом «Бахрах –М», 2008.
8. Рубинштейн С.А. Основы общей психологии. Спб., 1998.
9. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975.
10. Брудный А.А. Понимание и общение. – М., 1989.
11. Гальперин П.Я. Языковое сознание и некоторые вопросы взаимоотношения языка и мышления //вопросы философии, 1977 № 4,6.
12. Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации – М.: ИГДГК «Гнозис», 2001.
13. Тарасов Е.Ф. Языковое сознание и его познавательный статус//Проблемы психолингвистики. – М.,2001.
14. Выготский Л.С. Мышление и речь. Сборник. – М.: АСТ: ХРАНИТЕЛЬ, 2008.
15. Зинченко В.П. Структура сознания и психотерапевтическая парадигма// Человек. – М.: Тривола, 1991.
16. Тарасов Е.Ф. О формах существования сознания// Язык и общение: парадоксальная рациональность. – М.,1993.



МЕКТЕПТЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Ж.Ж. Наурызбай, З.Ә. Қарабалиева

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

В статье рассматривается опыт инновационной воспитательной деятельности школ зарубежных стран, подчеркивается актуальность изучения и внедрения лучших образцов в отечественную систему воспитания.

The article examines the experience of innovative educational activity of schools of foreign countries, relevance of studying and introduction of the best samples in a domestic educational system is emphasized.

Жаһандану жағдайында әлемдік қауымдастықты жастар арасындағы тұтыну табынушылық және қамқоршылық көңіл күй, балалар арасындағы қылмыстылық, зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің артып отырғаны алаңдатып отыр. Балалардың мәдени және тәрбие деңгейі құлдырап бара жатқаны байқалуда. Оқушылар арасында ұлттық төзбеушілік, халықтың рухани-адамгершілік құндылықтары мен салт-дәстүрлерін құрметтемеу үрдістері күн санап арта түсуде.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем тәрбие проблемасына, инновациялық әдістерге, тәрбие процесінің формалары мен технологияларына жіті назар аударып отырғаны да сол себепті.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев

«Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз», – деді [1].

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттер талдауы көрсеткендей, әлемде аталмыш проблеманың ауқымды ғылыми қоры жинақталған. Арнайы жүргізілген зерттеулер де проблеманың өткір екенін көрсетіп отыр.

Ресейлік ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, соңғы жылдары жастар арасында еш жерде оқымайтын және еш жерде жұмыс істемейтіндердің ғана емес, сонымен қатар, оқығысы да жұмыс істегілері де келмейтіндер саны артып отыр, олар өз тәнін сату, қайыр сұрау арқылы табыс тауып, ата-аналарының, басқа да жақындарының есебінен күн көруде.

Жастардың басым көпшілігі он алты жасқа қараған шағында (шамамен 64,8 пайызы) алкогольдік ішімдік ішуді бастайды, бір бөлігі белсенді түрде есірткіге құмартады. Студенттер маңызды құндылықтар арасынан алдыңғы орынға «тиімді байланыс», онан кейін «компьютер», «секс» және т.б. қояды.

Келесі бір маңызды проблема – экстремизм және ксенофобия: түрлі ұлт студент жастарының 54 пайыздан астамы өз ұлтынан басқа ұлт өкілдерімен ашықтан ашық нашар қарым-қатынаста болады. Зерттеулер көрсеткендей, студенттердің 45 пайызға жуығы ЖОО аяқтағаннан кейін Ресейден тыс елдерге кеткілері келеді екен. Отанынан кетуді қалағандардың барлығы дерлігі «4» пен «5»-ке оқиды, олардың үштен бірі – жасөспірімдер [2].

Біз Шығыс (Үндістан, Қытай, Корей Республикасы және Жапония), Батыс (Англия, Бельгия, Германия, Италия, АҚШ, Австралия және т.б.), мұсылман әлемі (Малайзия, Түркия, Сауд Арабиясы) елдері, сол сияқты посткеңестік елдердің (Белорусь, Ресей, Өзбекстан және Украина) инновациялық тәрбие жұмысының тәжірибесін зерттедік.

Осы елдердің тәрбие жүйесіне ортақ белгілер бар. Солай бола тұра, әрбір мемлекет тәрбие жұмысын ұлттық салт-дәстүрлер мен елдегі басым міндеттерді ескере отыра құрады.

Отбасылық тәрбиенің мұсылмандық дәстүрлері сүйіспеншілікке негізделген биліктен, мақтау мен жазалауды әділ қолданудан тұрады.

Имандылық адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі ретінде қарастырылады. Балалар мен жастарда имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді қадір-қасиеттің қалыптасуына назар аударылады.



Америкалық тәрбиенің басты қағидасы: бала – тұлға, оның айтқанымен санасу және таңдауын құрметтеу қажет. Жапон тәрбиесінің басымдығы – өскелең ұрпақ мәдениетінің тереңдігі мен рухының биіктігі. Тату және ыстық ниетті отбасылық қарым-қатынастар Италияның тәрбие тұжырымдамасын шет елдегі жалпы тәрбие көрінісінен ерекшелендіреді.

Білім мазмұнын жаңарту жолдарын, білім беру ұйымдары тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формаларын, әдістерін іздестірген көптеген елдер үшін эксперименталдық мектептер ортақ болып табылады.

Эксперименталдық мектептер құру және олардың атқарған қызметі – Жапония ресми биліктерінің басты назарындағы тақырып болып отыр. Білім беру саласында соңғы жылдардағы ірі реформалардың барлығын міндетті түрде «пилоттық мектептерде» байқаудан өткізу көзделді. Білім министрлігі эксперименталдық оқу орындарының жүйесін жасады. Кез келген қоғамдық мектеп үш жылға дейінгі аралықта экспериментті қаржыландыруға рұқсат алу мен қаржыландыру туралы өтініш жасай алады; мерзім аяқталғаннан соң мектеп эксперименттің нәтижесі туралы есеп беруі тиіс. Министрлік мектеп базасында жүргізілетін түрлі зерттеушілік жобаларды ынталандырады.

Эксперименталдық алаң ретінде көбіне мемлекеттік университеттер жанындағы жалпы білім беретін мектептер пайдаланылады. Тәрбие мазмұнының инновациялық қағидаттарына зор көңіл бөлінеді. Жапония – мектептеріне мораль курсы енгізілген жалғыз ел. Курс бағдарламасында басты назар ұлттық және әлемдік қауымдастық мүшесін тәрбиелеуге аударылған. Бастауыш мектепте ерекше «адамгершілік сағаттары» өткізіледі. Сабақтар мен басқа да шаралар кезінде түрлі дидактикалық материалдар және жұмыс түрлері қолданылады: әңгімелер, поэзиялық туындылар оқылады, шығармалар жазылады, бейнежазбалар қаралады және дыбысжазбалар тыңдалады, сұхбаттар, балалардың қойылымдары ұйымдастырылады [3].

Тұлғаны ашу, мінез-құлықты қалыптастыру – міне осылар Бангалор (Үндістан) мектебінің міндеті. Онда тек білім беріп қана қоймай, оқуға үйретеді, ойлауға, ойлануға дағдыландырады. Медитация сабақтары, жады сабақтары өтеді. Күніне бір сағатты үнсіздікте өткізуге кеңес береді, бұл кезде тек маңызды деген ойды ғана айтуға болады. Мұғалімдердің өзі кейде оқыс кеңес береді, айталық: оқулықты оқығың келмесе – қолыңа осы тақырып бойынша ғылыми кітап ал да ең болмаса жартысын оқып шығуға өзіңді мәжбүрле; осыдан кейін оқулықты оқу жеңіл әрі қызықты болады. Жалпы білім беру пәндерімен қатар, йогаға, төзімділік пен шыдамдылыққа, тіпті күлуге де үйретеді. Мұғалімдер балаларға деген өз махаббатын көрсетуден қысылмайды, оларды еркелетеді, құшақтайды, олармен қалжыңдасады – бұл кезде оларда сезім асқақтығы, талғаушылық және оқушылардың арасынан ерекше жақсы көретіндер болмайды [4].

Сеул қаласының (Корей Республикасы) ғалымдары мен практиктері мінез-құлық тәрбиесінің инновациялық әдістерін дайындау мен енгізуді өте өзекті деп санайды.

Біріншіден, мектептерде артып келе жатқан зорлық-зомбылық пен суицидке қарсы күрес мінез-құлқын тәрбиелеу мақсатында, сол сияқты, оқушылардың төмендеп бара жатқан адамгершілік санасының деңгейін көтеру үшін алдын ала арнайы әрекеттер жасалуы тиіс.

Екіншіден, шынайы бәсекеге қабілетті талантты адамдарды талап ететін жаһандану заманында адамгершілігі зор балаларда «өмір сапасы, гендерлік тілектестік, көшбасшылық, түңілу күшін жеңу» анағұрлым жоғары.

Үшіншіден, адамгершілік тәрбие тұрғысынан қарағанда алдану мен масқаралықтан аулақ болу үшін адамда батылдық пен ерік күші жоғары болуы тиіс және баланы жас кезінен баулыған жағдайда ғана мұны жүзеге асыруға болады.

Мінез-құлықты тәрбиелеу практикасында Сеул қалалық білім беру басқармасы шынайылық, адалдық, кешірім және қайырымдылық бойынша жобаны іске асыра бастады, ол мінез-құлықты арнайы тәрбиелеуде оқыту мен қолдануды пайдаланды. Сеул қалалық білім беру басқармасы бағдарламаны тиімді алға бастыру үшін және мектептердегі табысты мінез-құлық тәрбие бағдарламаларын қолдау арқылы «Сеул – бақытты білім беретін қала» қалыптастыру үшін басқа институттармен Өзара түсіністік туралы меморандум деген атпен белгілі келісімге қол қойды.

Мұнан басқа, мінез-құлық тәрбие практикасы оқу бағдарламаларын құрастырады, онда оқытылатын және үйретілетін сабақтар өмірде қолданылуы мүмкін [5].

Дүние жүзінің көптеген елдерінде Еуропа және АҚШ эксперименталдық мектептері қызығушылық тудырып отыр әрі ізбасарлары да бар.



Вальдорф мектебі. Барлық сабақтар өзара тығыз байланысты: математиканың материалы би сабағында бекітілуі әбден мүмкін. Бұл мектептерде қатаң жазалаулар және бағалау жоқ. Стандартты оқулықтар да болмайды.

Декроли (Эрмитаж) мектебі. Бала ең алдымен өзі өмір сүретін ортамен жайлап танысуы тиіс. Бастауыш мектептегі оқыту баланың негізгі қызығушылығы мен сұранысына – тамақтану, қолайсыз ауа-райынан қорғану, демалыс және т.б. қатысты болады. Оқушылар, мысалы, азық-түлік туралы жинаған мәліметтерді ана тілі, математика және жаратылыстану сабақтарында пайдаланады. Мектептің ұраны – әрекет ету үшін үйрену емес, үйрену үшін әрекет ету.

Summerhill мектебі. Англияның көне эксперименталдық пансионында әу бастан-ақ бала – мектеп үшін емес, мектеп – бала үшін өзгеруі тиіс деген шешімге келді. Мұндағы мектеп дәстүрлерінде оқушылардың сабақтан қалуларына тыйым салынбайды. Өзін өзі басқаруға белсенді қатысу мадақталады. Сыныптарда түрлі жастағы балалар отыра беруі мүмкін.

Сондай-ақ, Studio, Quest to Learn және ALPHA Alternative School эксперименталдық мектептердің тәжірибесі қызықты. Бұлардың біріншісінде оқу жоспарының 80%-ға жуығы сыныпта отырып емес, тәжірибелік жобалар арқылы жүзеге асырылады. Мектеп әр жыл сайын тағылымдамаға орын беретін мемлекеттік және жергілікті жұмыс берушілермен көптеген келісім жасайды. Басқа, нью-йорктік мектепте, балалар оқулық бетін ашпайды, олар өздері қалаған іспен айналысады – ойын ойнайды. Мекемеде барлық үйреншікті пәндер бар, бірақ балалар сабақтың орнына маңызды міндеттер атқаруға қатысады, ал бағаны ұпайлар мен дәрежелер алмастырған. Үшінші мектепте сабақтарды тек мұғалімдер ғана емес, балалардың өздері және сондай-ақ ата-аналар да өткізеді, сабақ кестесінде тек жалпы білім беру пәндері ғана емес, сонымен қатар аспаздық ісі сияқты шығармашылық жұмыстар бар. Демократия атымен және демократия принциптері бойынша құрылған мекеме әділдік идеясымен қаныққан [6].

Ресей Федерациясында иновациялық тәрбие жүйелері арасынан В.С.Библердің «мәдениет диалогының мектептерін» атап көрсетуге болады. Олар диалогтық сана мен түсінікті қалыптастыруға, білім мазмұнын жаңартуға, бір-бірімен түйіспейтін түрлі мәдениеттердің, қызмет түрлерінің, мағыналық спектрлердің тоқайласуына бағытталған.

Ашық білім беру мекемелеріне АҚШ қауымдық мектептері жатады. Бұл мекемелер аймақтағы көрнекті мәдени-ағарту орталықтары болып табылады. «Қауымдық мектептерге» тән белгілер: білім беру мекемесінің аймақпен тығыз байланыс орнату, мектеп қызметін қауым мүддесіне бағдарлау, жұртшылықты мектепті басқару ісіне және шешім қабылдауға тарту.

«Қауымдық мектеп» мұғалімдері шаттық пен ынтымақтастық көңіл-күй орнатуға ұмтылады. Олар оқушылардың топтық жұмыстарына артықшылық береді, оқушылардың емін-еркін мінез-құлқын көтермелейді (мысалы, сабақ кезінде еденге жайғасуға болады). Мұғалімдердің ұраны: «Бағыттау, мадақтау және қоштау!» Олар мұғалім әрдайым өздеріне көмектесетініне сенімді балалардың емін-еркін болуын және бір мезгілде қамқорлықты сезінуін қалайды. Кез келген оқушының ересек тәлімгері бар. Мұндай тәлімгердің қамқорлығында жүз шақты бала болуы мүмкін.

Ашық білім беру идеясы «қабырғалары жоқ мектеп» деген ат алған экспериментте жүзеге асырылды. Оның мәні – қарапайым мектепте және одан тыс жерде тәрбие мен оқытуды қатар ұйымдастыру. Сабақтар үшін тек қана мектеп жайлары ғана емес, сонымен қатар іскерлік кеңселері, өнеркәсіп орындары және т.б. пайдаланылады [3].

Тәрбиенің инновациялық технологиялары үлкен қызығушылық туғызуда. Тәрбиелік технология тәсілдер, амалдар, адымдар жүйесін білдіреді, оларды орындаудағы реттілік тәрбие міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді [7, 149 б.]. Шетел педагогтерінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа, тиімді әдістері мен бағдарламалардың үлкен жиынтығы бар. Мұны ресейлік педагогтер жұмысы тәжірибесінің мысалында көрсетуге болады.

РФ-да инновациялық бағдарламалар жүзеге асырылуда, атап айтсақ, федералдық бағдарламалар: «Менің таңдауым», «Мектеп зорлық-зомбылыққа қарсы», «Отансүйгіштерді тәрбиелейміз»; мақсатты бағдарламалар: «Денсаулық», «Менің Отаным», «Менің отбасым», «Зияткер», «Мәдениет». Оқу процесінде кең қолданысқа ие болған инновациялық технологиялар:

– интерактивті технологиялар, оқушы әрдайым өзгермелі субъектілі-объективті қарым-қатынаста әлсін-әлсін оның белсенді элементі бола отыра, оқыту жүйесі туралы ұсыныс жасайды. Оларға жататындар: әткеншек әдісі; эвристикалық әңгіме; пікірталастар, дебаттар; іскерлік ойындар; толыққанды шығармаластық технологиясы; үлгілеу технологиясы немесе жобалар әдісі;

– арт-педагогика – тұлғаны тәрбиелеу, оқыту, дамыту оқылатын пәндік курстардың мазмұнымен қатар, классикалық, сондай-ақ халық өнері құралдары арқылы жүзеге асырылады. Арт-педагогиканың технологиясы мен тәсілдері: музыкалық, театрлық және бейнелі арт-педагогикалар, ертегітерапия, фотоколлаж және т.б. жоғарыда аталған техникалар мен тәсілдер өзара байланысты;

– әлеуметтік жобалау – нәтижесі шынайы әлеуметтік «өнім» жасау болып табылатын, жобаға қатысушылар үшін практикалық маңызы бар қызметтің ерекше түрі;

– И. Ивановтың ұжымдық шығармашылық жұмыстар технологиясы.

ҰЕҚ (ұжымдық еңбек қызметі) бағыттылығы байланыс жасауға, танымдық белсенділікке ұмтылуды білдіреді. Оқушылардың көрермендік емес, керісінше қызметтік позитивті белсенділігі ҰЕҚ нәтижесі болып табылады;

– жобалау технологиясы – зерттеушілік қызметті ұйымдастыру. Жобалардың түрлері: шығармашылық, ақпараттық, фантастикалық, зерттеушілік және т.б.;

– кейс-технология (нақты жағдайлар әдісі) – оқу процесінде талдау, проблеманы анықтау, балама шешім іздестіру, проблемада ұтымды шешім қабылдау және т.б. арнайы үлгіленген немесе шынайы өндірістік жағдайды қолдануға негізделген технология [8].

Қорыта келгенде, өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі әлемдік инновациялық тәжірибенің алуантүрлілігі мен динамикалылығы оны зерттеу және озық үлгілерін отандық тәрбие жүйесіне енгізу өзектілігіне ерекше көңіл аударады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 14 желтоқсан*

2. *Воспитательная работа: проблемы, задачи, методы. Интервью с Н. Синягиной // Электронный журнал «Аккредитация в образовании». 11.06. 2009 // http://www.akvobr.ru/vospitatelnaja_rabota_problemy_zadachi_metody.*

3. *Джуринский А.Н. Воспитание в России и за рубежом // Издательство «Просвещение»: [сайт]. – М., [2001-2007]. – Библиогр.: 20 назв. – URL: <http://old.prosv.ru/metod/dgur/> (28.05.07)*

4. *Воспитание по-индийски // <http://www.orange-elephant.ru/publications/upbringing>*

5. *Юнг-Сик Бае. Сеул қаласының бақыт туралы білім беру жүйесі // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне арналған «Орта білім мазмұнын жаңартудағы әлемдік үрдістер» біліктілікті арттыру курсы. НЗМ. – Астана. – 2014*

6. *9 школ, которые учат по-другому // <http://www.edutainme.ru/post/9-shkol-kotorye-uchat-po-drugomu/>*

7. *Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 176 с.*

8. *Инновационные воспитательные технологии. – Транслит презентации / <http://www.myshared.ru/slide/138129>*



О МЕТОДАХ ИЗУЧЕНИЯ КОНФЛИКТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ЛИЧНОСТИ В КОЛЛЕКТИВЕ

К.К. Базарбаева, А.Ш. Танирбергена
Университет «Туран-Астана», г. Астана

Бұл мақалада кикілжің жағдайларда адамдардың педагогикалық-психологиялық түзету сұрақтары қарастырылған. Кикілжің жағдайға түрткі болатын мінез-құлық әсерлері талданып, зерттеулерде қолданылатын негізгі әдістері сипатталды.

This article deals with the psycho-pedagogical correction of conflict behavior. Analyzed the behavioral responses that affect conflict situations, describes the main methods used in the study of conflict.

Президент РК Назарбаев Н.А. в своём послании народу Казахстана уделяет большое внимание образованию в долгосрочных приоритетных целях и стратегиях реализации [1].

Более подробно данная проблема освещена в послании Президента РК народу Казахстана от 26 января 2012 года [2].

В свою очередь, в концепциях непрерывного педагогического образования педагога новой формации РК и высшего педагогического образования РК указываются требования к учителю новой формации, его профессиональной подготовке: «Требования, предъявляемые обществом к специалистам с высшим педагогическим образованием за последние годы, существенно повысились[3]. В образовании особую роль играет как учитель, так и ученики. Индивидуальное развитие ребёнка находится в постоянном противоречии с системой социально-культурных правил жизни. В чём его сущность? В противопоставлении законов развития, предписанных природой и социумом, предъявляющим жёсткие правила, нарушение которых приводит к наказанию. Воздействие социума на ребёнка наиболее ярко проявляется в школе. Именно в ней противоречие индивидуального развития ребёнка и системы, взявшей на себя функции по его формированию, столь очевидно[4].

Это противоречие, с одной стороны, связано с плохой осведомлённостью, закрытостью, непонятностью учителя и ученика друг для друга, а с другой – непростыми взаимоотношениями между детьми и педагогами как двумя противоположностями старшего и младшего поколений, с их разными социальными позициями. Порой противоречие переходит в межличностный план, происходит столкновение интересов и как результат – конфликт между педагогами и детьми.

В межличностных отношениях учителя и учащихся неизбежно возникают трудности и конфликты, которые являются естественной частью школьной жизни (отставания в учёбе, отклонения в поведении, конфликты со сверстниками). Проблема возникновения конфликтов между учителем и учащимися в процессе обучения и образования, а также в процессе их общения является чрезвычайно актуальной, что определяется социально-экономическими и психолого-педагогическими причинами[5].

В школьной среде популярны житейские представления о том, что конфликты – это нечто неблагоприятное и опасное, что следует любой ценой их избегать и что хорошим отношениям между людьми свойственно полное отсутствие каких-либо конфликтов. Используя подобные взгляды учителя, оказавшись в конфликтной ситуации, не в силах выйти из неё и только разводят руками и говорят о невозможности изменить ситуацию[6].

Исходя из вышеизложенного, можно судить о том, что конфликты между учителем и учащимися являются немаловажной проблемой в педагогическом процессе.

Применение эффективных способов разрешения конфликтов, вызванных различиями во взглядах, установках и стремлениях, несовпадением целей и поступков, укрепляет взаимоотношения и тем особенно ценно. Совместное успешное разрешение противоречий может сблизить людей больше, чем многие годы, проведённые во взаимном обмене любезностями. Вместе с тем, есть и такие способы разрешения конфликтов, которые отравляют жизнь и разрушают даже устойчивые, многолетние связи.



Правда, не сами конфликты действуют разрушительно и затрудняют общение учителя и учащегося, а их следствия: страх, враждебность, ощущение угрозы и т.д. При слишком интенсивных и длительных переживаниях может возникнуть и закрепиться оборонительная реакция, т.е. поведение, которое вплетается в структуру личности и искажает характер мышления, поступков, чувств[7].

Для изучения конфликтных ситуаций, с учетом специфики поставленных задач, было необходимо определить наиболее надежные способы изучения этой проблемы и выявить те особенности эмоционально-волевой и ценностно-нормативной сфер личности ребенка, а также педагога, которые в критических обстоятельствах могут способствовать возникновению у него конфликтных форм поведения.

В связи с этим для сбора и анализа фактического материала важно применять разные методики, комплексное использование которых и обеспечивает надежность, достоверность получаемых данных. В настоящей статье нами производится выбор конкретных методик для проведения комплексного психологического изучения личности, как учащегося, так и педагога в целях получения личностно-психологических характеристик.

При выборе методик учитывалась: положительная оценка применения и надежность методики по данным ряда исследований; доступность методики для изучаемого контингента детей; пригодность данной методики для групповых обследований; возможность математической обработки результатов и пр.

Полученные результаты сопоставлялись с данными психофизиологического состояния подростков. Такой подход позволил вскрыть устойчивые закономерности в поведении детей.

Одним из распространенных методов является метод наблюдений, который служит отправной точкой при изучении конфликтных ситуаций. При этом внимания требовали особенности проявления положительных и отрицательных факторов в процессе взаимоотношений подростка со сверстниками и педагогами во время осуществления как учебной, так и других видов деятельности. Беседа проводилась с педагогами об их взаимоотношениях с данным классом.

Первой диагностической методикой выступил тест «Уровень конфликтности личности», который выявляет стиль поведения и манеру общения, влияющий на возникновение конфликтов.

Вторым важным методом исследования выступил «Тест оценки способов реагирования в конфликте» (К.Томаса). Для описания типов поведения людей в конфликтных ситуациях К.Томас считает применимой двухмерную модель регулирования конфликтов, основополагающими измерениями в которой являются кооперация, связанная с вниманием человека к интересам других людей, вовлеченных в конфликт, и напористость, для которой характерен акцент на защите собственных интересов. Соответственно этим двум основным измерениям К.Томас выделяет следующие способы урегулирования конфликтов:

1. Соревнование (конкуренция) как стремление добиться удовлетворения своих интересов в ущерб другому.
2. Приспособление, означающее в противоположность соперничеству, принесение в жертву собственных интересов ради другого.
3. Компромисс.
4. Избегание, для которого характерно как отсутствие стремления к кооперации, так и отсутствие тенденции к достижению собственных целей.
5. Сотрудничество, когда участники ситуации приходят к альтернативе, полностью удовлетворяющей интересы обеих сторон.

К.Томас считает, что при избегании конфликта ни одна из сторон не достигает успеха; при таких формах поведения, как конкуренция, приспособление и компромисс, или один из участников оказывается в выигрыше, а другой проигрывает, или оба проигрывают, так как идут на компромиссные уступки. И только в ситуации сотрудничества обе стороны оказываются в выигрыше.

На возникновение конфликтных ситуаций влияют такие поведенческие реакции, как агрессивность и враждебность. На основании этого нами был использован опросник Баса-Дарки, выявляющий следующие формы агрессивных и враждебных реакций.

Физическая агрессия (нападение) – использование физической силы против другого лица.

Косвенная агрессия – под этим термином понимают как агрессию, которая окольными путями направлена на другое лицо (сплетни, злобные шутки), так и агрессию, которая ни на кого не



направлена – взрывы ярости, проявляющиеся в крике, топании ногами, битье кулаками по столу и т.д. Эти взрывы характеризуются ненаправленностью и неупорядоченностью.

Склонность к раздражению (раздражение) – готовность к проявлению при малейшем возбуждении вспыльчивости, резкости, грубости.

Негативизм – оппозиционная манера поведения, обычно направленная против авторитета или руководства; это поведение может нарастать от пассивного сопротивления до активной борьбы против установившихся законов и обычаев.

Обида – зависть и ненависть к окружающим, обусловленные чувством горечи, гнева на весь мир за действительные или мнимые страдания.

Подозрительность – недоверие и осторожность по отношению к людям, основанные на убеждении, что окружающие намерены причинить вред.

Вербальная агрессия – выражение негативных чувств как через форму (ссора, крик, визг), так и через содержание словесных ответов (угрозы, проклятья, ругань).

Кроме того, выделяется еще одно качество личности, как угрызения совести (чувство вины). Ответы на вопросы этой шкалы выражают сдерживающее влияние чувства вины на проявление форм поведения, которые обычно запрещаются (нормами общества). Этот пункт выражает степень убеждения обследуемого в том, что он является плохим человеком, совершающим неправильные поступки, наличие у него угрызения совести.

Физическая агрессия, косвенная агрессия, раздражение и вербальная агрессия вместе образуют суммарный индекс агрессивных реакций, а обида и подозрительность – индекс враждебности.

При составлении вопросов А.Басс и А.Дарки пользовались следующими принципами: 1) вопрос может относиться только к одной форме агрессии; 2) вопросы были сформулированы таким образом, чтобы в наибольшей степени ослабить влияние общественного одобрения или неодобрения. Это достигается двумя способами: а) В содержании ответа заключено предположение о том, что неодобрительное, с точки зрения общества, состояние (например, потеря самообладания) уже наступило и речь идет только об указании способа его выражения, что создает акцент на описании поведения и уводит от оценки его причин. б) Вопросы сформулированы так, чтобы оставалась возможность для оправдания привычных разговорных оборотов, штампов, которыми люди пользуются довольно часто при описании своего внутреннего состояния и поведения.

Так как нами затрагиваются и педагоги, мы использовали на начальном этапе методику на определение психологического климата в педагогическом коллективе, а затем методику диагностики стиля взаимодействия субъектов образовательного процесса, для того чтобы определить стиль общения педагога с учащимися. Стили взаимодействия педагога и учащихся чаще всего подразделяются на три вида: авторитарный, демократический и либеральный.

Применение этих методик для исследования уровня конфликтности, поведения в конфликтных ситуациях и агрессивного поведения, а также психологического климата педагогического коллектива, стиля педагогического руководства дало возможность получить широкую и разнообразную информацию об изучаемом феномене и для дальнейшей коррекционной работы.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. – «Казахстан 2030». Алматы: «Білім», 1998.
2. Послание Президента РК Назарбаева Н.А. народу Казахстана. Газета «Степной маяк» (18 февраля 2005).
3. Концепция высшего педагогического образования РК. Газета «Казахстанская правда», 18 августа 2005.
4. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации РК. Газета «Казахстанская правда» (18 августа 2005).
5. Асильбекова Г.О. Конфликты, конфликтные явления и конфликтная компетентность: социально-педагогическая сущность и интерпретация//
6. Д.Журавлев. Учитель и ученик: психология конфликтов//Журнал «Народное образование», 2002 - №4.
7. Каракатова А.М. Конфликт между педагогом и учащимися как социальная проблема// Журнал «Психология, социология, дефектология», 2005 - №5.- Білім-Образование, 2004 - №4.



ТОРҒАЙ ӨЛКЕСІНІҢ ЖЫРШЫЛЫҚ ТЕРМЕШЛІК ДӘСТҮРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ж.Р. Жармағанбетова

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты, Арқалық қ.*

В этой статье со всех сторон рассмотрена воспитывающая роль речитативных песен Торгайского региона.

In this article were discussed the educational role of recitative songs of Torgai region.

Қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге аса көңіл бөлініп отыр. Болашақ жастардың тәрбиесі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Осыған орай тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогиканың озық дәстүрлерін қайта өркендету негізінде білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңғырту ерекше мәнге ие. Ұлттық педагогикаға негізделген сапалы оқу-тәрбиелік шаралар жүргізуде тәрбие тағлымы – жыр-дастандар, ақыл, нақыл, өсиет өлеңдер, яғни терме жанрын пайдаланудың маңызы зор.

Оқушылардың сана-сезімін, дүниетанымын дамытуда Бұхар жырау, Базар жырау, Жиенбай жырау, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Нартай Бекежанұлы шығармашылықтарында кездесетін ұлағатты, ойлы ғибратты сөздердің орны ерекше.

Ғалым педагог С. Ұзақбаева этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасында: «Этнопедагогикалық білім берудің мақсаты – ұлттық сана-сезімді өз халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүрлеріне біртұтас көзқарас қалыптастыру және халық шығармашылығының дербес өнер түрлері (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы) арқылы шығармашылық жағынан балалардың өзін-өзі танытуға ұмтылысын дамыту» - деп атап көрсетеді [1].

Өнер түрлері халықтық педагогикада тәрбиенің белгілі ережелері мен әдет-дағдыларын, құнды әдіс-амалын, тәсілін қамтиды. Оқушылардың бойына адамгершілік психологиялық-эмоционалдық қасиеттерін әсемдікті, сұлулықты талғаммен, сүйіспеншілік сезіммен қабылдауды эстетикалық тұрғыда қалыптастырады.

Этнопедагогикалық білімге сүйене отырып, өнер салалары пәндері арқылы шәкірттердің бойына халқымыздың дәстүрін әдет-ғұрпын, туған өлкесінің мәдениетін, өнерін игерту арқылы ұлттық тәрбие беруге зор мүмкіндік бар.

Жыр терме тәрбиелік мәні бар педагогикамен ұштасып жатқан жанр. Терменің жас буынды парасатқа, биік адамгершілік, сергектік, әдептілік, ата-баба үлгі-өсиетін, қағидасын қадір тұту рухында тәрбиелеуде, кең ойлап үйренушілік пен дүниетанымын кеңейтуге қызметі ерекше.

Жалпы, педагогикада тұлғаны тәрбиелеу болса, термеде де дәл осы міндеттер тоқтаусыз қозғалады, яғни өсиет, нақыл сөздер тәрбиенің сан түрлі қырларын келер ұрпаққа жүктейді, жастарды еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі, арлы азамат болуға үндейді.

Музыка сабағында немесе сыныптан тыс концерттік сабақтарда, дәстүрлі ән үйірмесінде туған өлкенің мәдени өмірімен оның ішінде жыршылық-термешілік дәстүрімен таныстыру оқушылардың танымын арттырып, жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Торғай жерінде XIX ғасырдың орта кезеңінде мәдениеттің дамуы ерекше қарқын алды. Бұған ұлы педагог Ы. Алтынсариннің ағартушылық, білімгерлік ізденістері ықпал етеді. Ы. Алтынсарин далаға роял әкелгізіп, музыкалық сауаты жоқ кезде бірінші рет ән сабағын мектепке міндетті пән ретінде енгізеді. Бұл мектептерде ән сабағынан тыс көркемөнерпаздар үйірмесі де оқу жоспарынан тұрақты орын алады.

Торғай халқы өнерге құштар, елде ән салып, күй тартатын өнер адамдарын әр кез ерекше құрметтеген. Мұнда көбінесе қатар отырған екі адамның біреуі домбыра тартып, ән салған. Олар



ән-жырды жан азығы деп сезінген. Торғай өлкесінің рухани байлығы туралы көптеген саяхатшылар, ғалымдар, зерттеушілер құнды деректер қалдырған.

А.Затаевич «Қазақ халқының мың әні» жинағының түсініктемелерінде Торғай елі жайлы, олардың әндері туралы тебірене жазып, қобызшы әрі әнші Закария Кәрімбаев пен Сәбитбек Ысқақұлының орындаушылық шеберліктеріне жоғары баға береді[2].

«Қазақ халқының мың әні» жинағының корреспонденттері қатарында Торғайдан шыққан ағартушы, ұстаздар Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Нәзипа Құлжановалар да болған.

Торғай өңірінің жыршылық термешілік дәстүрінің басында Нұрхан Ахметбековтың «Қарға», «Есім сері» дастандарын жырлаушы жыршылар Сардан Әбікейұлы, Ахметхан Әбіқаев тұр. Өнер дарыған елдің өркенді бәйтеректері салып кеткен жол жалғасып жатыр. Жыршы термешілік мектептің үздік өкілдері ретінде Бөлтірік Молдашов, Қуанышбай Қазымбеков, Кәдіржан Қасенханов, Сұлтанбек Молдахметов, Абсалық Салықұлы, Айгүл Есентаева т.б айтамыз.

Соның ішінде Нұрхан Ахметбеков – ақындығымен қатар ірі әнші, шебер домбырашы, композитор ретінде танылды. Ол «Күй басы», «Июнь жарлығы», «Жеңіс» атты күйлер шығарған. 1930 жылдары шығармалары қолжазба арқылы кең тарады. Оның дастандары елуінші, алпысыншы жылдары республикамыздың жыршы термешілерінің репертуарынан мықтап орын алды. Сыр өңірінің белгілі жыршы термешілерінің орындауында «Қарға» дастанының ұнтаспасы сақталған.

Әдебиеттегі эпикалық жанр үлгісі «дастан» сөзінің мағынасы парызша «айту», «айтып өткен», «баяндау», «жырлау» деген түсінік береді [3].

Олай болса Н.Ахметбеков те өз өңірінің тарихын эпикалық жырларына арқау еткен, сүбелі дастандар жазып, тәлім тәрбиелік мәні бар шығармалар қалдырған.

Ақын «Қарға», «Жасауыл қырғыны», «Аманкелді» дастандары мен «Достық», «Дабылынды қақ балам», «Таңатқан палуан», «Торғайдан сәлем», тағы басқа көптеген өлең жырларында туған елінің тарихы мен ондағы дарынды адамдар жөнінде айтып, адамгершілік, ерлік, достық, тақырыптарын қозғаған. Бұл тағлымды туындылардың оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін оятуда, биік парасаттылыққа тәрбиелеуде маңызы зор.

Мысалы «Қарға ұры» дастанының алдыңғы шумақтарында жырдың кіріспесі ретінде терме шумақтары төгіледі:

Ертегі естімеген елден шығар,
Асыл тас айдын шалқар көлден шығар.
Тарихты тәтті сөзбен таңырқату,
Көзі ашық, тілі орамды ерден шығар. –

деген жолдарда дүниетанымы кең, көзі ашық, тілі орамды адамның тарихты құдіретті сөзбен таңырқата жеткізе алатындай құдіреті бар екенін аңғартады. Бұл адамның туғанынан емес, жүре келе ізденіс нәтижесінде осындай дәрежеге қол жеткізетінін айтқан тәрбиелік мәні жоғары шумақтар.

Ал дастанның соңында жастарға:

Жасымнан түзулікті ұнатамын,
Жақсыға жан сырымды сынаатамын.
Жігіттер, тіршілікте түзулік бақ,
Алмандар маған ұқсап ұры атағын [4]. –

деп «Ұрлықтың түбі – қорлықты» ең бір кеселді қылық – ұрлықтың зияндығын, абыройсыздыққа ұрындыратынын айтады. Дастанда оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелейтін шумақтарды көптеп кездестіруге болады. Осындай ғибратты сөздердің идеялық мәнін ұқтыра отырып, оқушылардың эмоциясына әсер ету арқылы олардың бойында ізгі сезімдерді қалыптастырудың мүмкіндіктері зор.

Нұрхан ақынмен айтысқан Сәт Есенбаев Торғайдағы Аманкелді батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан сарбаз. Осы көтеріліске арнаған көптеген өлең-жырлары, толғаулары бар, оның ішінде ең көлемділері «Аманкелді» дастаны мен жырлары. Ұлы Отан соғысы кезінде де ақын, Отанды, елді қорғауға шақырып көптеген өлеңдер, толғаулар шығарады.

Сәт Есенбаевтың төмендегі терме сөздерінен педагогикалық тәрбиенің сан қырын көруге болады: адамгершілік тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, жалпы халықтық тәрбие.

Терме, жырлар адамның ой-санасына, қимыл-әрекетіне үлкен әсер етеді. Онда өмірдің мәні,



қоғамдық мәселелер, сан қырлы сырлар сарапқа салынады. Жастар ынтамен терменің әр сөзіне құлағын түріп, қалт жібермей тыңдаса, көкейіне түрткі салып, оның сана-сезімін оятады.

Көңілді басса көп қайғы
Төгілер көзден жас болып.
Естіген құлақ суық сөз
Жүректе жатар тас болып. –

деген Сәт ақынның терме шумақтарынан адамның ішіндегі жан сезімдерін, көңіл толқуын көруге болады. Өмірдегі жақсылық мен жамандықты, арамдық пен адалдықты шендестіре бейнелеп, өмірде шыншыл болуға шақырады. Осындай ғибратты сөздер ұрпақ тәрбиесіне әсер етіп жамандықтың, қиындық пен жан қиналысының, жақсылық пен қуаныштың ара жігін ажырата білуге тәрбиелейді.

Қайрылмас досың бақ тайса
Тектен-текке қас болып.
Желігер кейбір жігіттер
Көтере алмай мас болып.
Ақылына жеңдіріп
Отырған дұрыс бас болып.
Опасыз, сұм-сұрқия
Шықпас сөзі рас болып.
Арыңды сатпа ер жігіт
Байлауда жатсаң аш болып. –

деп адам баласы қандай жағдайда болсын арын сақтауы керек деп тұжырымдайды.

Қайғының түпсіз теңізі,
Жақсының айтқан лебізі
Абыройсыз қалдырар
Көкіректің семізі [5]. –

деген жолдарда адамның орынсыз көкірек көтеруінің жақсылыққа апармайтынын айтып, жамандықтан сақтандырады. Сонымен қатар жақсы адам айтса шындықты айтатынын, ащы айтатынын ескертеді.

Білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезеңдерінде ұлттық тәрбиеге негізделген оқу-тәрбиелік шаралар жүргізілуі қажет. Оқушыларды жан-жақтылыққа, кең ойлай білушілікке тәрбиелеуде дәстүрлі өнеріміздің озық үлгілерін туған өлкеміздің шұрайлы жыр-термелерімен байланыстыра үйретудің тәрбиелік мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы – А, 1995.*
2. *Затаевич А. 1000 песен казахского народа. – М.: «Музгиз», 1963.*
3. *Қазақ совет энциклопедиясы 3 том А. 1973.*
4. *Нұрхан Ахметбеков шығармалары. II кітап. /құрастырған С.Кенжеахметұлы. Қостанай, 2010.*
5. *Сәт Есенбайұлы Өлеңдер мен дастандар. /құрастырған С.Кенжеахметов. Арқалық, 1992.*



АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕР

Өтепбергенов А.Ө., Жұмағанбетов Б.С.

*Қаражар орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушылары,
Байғанин ауданы, Ақтөбе облысы*

В статье рассматриваются опыт и перспективы преподавания дисциплины «Начальная военная подготовка» в сельской школе.

The article considers the experience and perspectives of teaching "Basic military training" in a rural school

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет ету оның әр азаматының міндеті. Бұл бейбіт еңбекті қорғаушы ретінде әскери қызметшілерге халықтың білдірген сенімі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан-2030 жолдауында: “Елді, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету халықтық іс, сондықтан қазақстандықтарға жаңа мұраттар негізінде білім мен тәрбие беру міндет”, – деп анық көрсетілген. Олар: қазақстандық патриотизм, көпұлтты Отанына деген сүйіспеншілік, еліміздің қауіпсіздігі мен гүлденуіне деген жауапкершілікті сезіну [1].

Кіндік қаны тамып, туып-өскен Отанын қорғау - әрбір қазақстандық азаматтың қасиетті борышы. Еліміздің Ата заңының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының міндеті және қасиетті борышы», – деп көрсетілген [2].

Алғашқы әскери дайындық пәнін оқытып, үйретудегі басты мақсат тәрбиеленушінің бойында патриоттық, отансүйгіштік қасиет қалыптастыру.

“Патриотизм – дейді Қазақ халқының Қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы: “Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау”. Отанды сүю, отбасынан басталады. Отбасының отансүйгіштікке, патриоттық тәрбиеге баланы баулуының маңызы зор. Өйткені күнделікті тіршілікте отбасының дастархан басында жиналған кезде балаңыздың іс-әрекеті туралы сұрап отырып, істеген іс-әрекетінің дұрыстығы мен бұрыстығы туралы айта отырып, адамгершілік, шыншылдық, адалдық туралы бағыттап отырса бала өзінің дұрыс бағытынан ауытқымайды.

Оқушылардың бойында келесі қасиеттерді қалыптастырудың үлкен маңызы бар:

1. Ұлттық сезім – өз ұлтына деген сүйіспеншілік, халқымыздың тектілігін қадірлей білу;
2. Адамгершілік, адалдық, шындық, бірлік, ержүректілік.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қ.Жазықов атындағы орта мектебі мен Қаражар орта мектебі өзіндік тарихы бар, ел-жұртқа ұзақ жылдардан бері қызмет көрсетіп келе жатқан ежелгі оқу орындары болып табылады. Аталған мектептерде әр оқу жылының басталуы кезінде, алғашқы әскери дайындық пәні бойынша мектеп директорының бұйрығы шығарылады. Келесі кезеңде алғашқы әскери дайындық пәні бойынша білім алушыларды взводқа бөлу туралы бұйрық жарияланады. Мысалы: I-взвод – 11-сынып, II-взвод – 10-сынып болуы мүмкін. I взводтың өздерінің ұраны «Отан үшін қызмет етемін» болып тағайындалады, ол алғашқы әскери дайындық пәнінің міндеті келешекте Отанын, жерін қорғайтын сауатты, моральдық жағынан мықты азамат даярлау қағидасына сәйкес алынған. Қазіргі уақытта алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктелген. Бүгінде «мен патриотпын» деген жастарымыздың бойынан нағыз ұлтжандылық сезімнен гөрі, менмендік патриотизм өріс алғаны да жасырын емес, яғни олар өзінің бас мүддесін бірінші орынға қоятын жағдайлар да кездесіп жатады.

Сондықтан, өсіп келе жатқан ұрпақтың өзімшілдік, менмендік, тек өз пайдасын көздейтін қоғамға жат әдеттерден аулақ болуы үшін де, оларды ұлттық құндылықтарды бағалай білуге және өз отанын сүюге баулу керек. Тәрбиеленуші мектеп қабырғасына келгеннен бастап, өзінің қазақ деген



ұлы, ержүрек, дана халық екенін бойына сіңіруі қажет. Мысалы: «Жау жүрек, мың бала» фильмін алып қарасақ, шеркөкірек қазақ жастарының жазира дала мен жарық дүниеге деген көзқарасы мен құштарлығы, алаш жұртының азаттығы үшін жанқияр ерліктерін көруге болады.

Патриоттық тәрбие беру мақсатында аталған мектептерде жоспарлы түрде іс-шаралар өткізіледі. Мысалы: «Болашақ жас сарбаз», «Мерген сарбаз», «Сапқа тұр, жас сарбаз», «Мерген ару».

7-мамыр Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері күнін атап өтуде, оқушыларды әскери өмірге баулу мақсатында «Сапта ұқыпты, ұрыста мықты» тақырыбындағы саптық сайыс дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады.

Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерекесіне байланысты «Жасай бер мәңгі Қазақстан» атты мектепаралық жарыстар өткізілді. Бұл жарыстарға аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінен нұсқаушылар мен Байғанин аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімшесінен арнайы адамдар қатысты. Бұл патриоттық іс-шаралардың негізгі мақсаты оқушылардың бойында патриоттық, ұлтжандылық қасиеттерді ояту. Осындай патриоттық шараларды өткізуде мұғалім оқушылардың бойынан Отанға деген, сүйіспеншілігі бар, азаматқа тән намысты, жігерлі тәрбиеленушіні айнадан көргендей бірден байқайды.

Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша жинақталған ұзақ жылғы тәжірибе, оқушыларға келесі қағидаларды үйретудің пәнді оқытудағы негізгі мақсаттар екенін көрсетті:

1. Тәртіп;
2. Адалдық, ұлтжандылық;
3. Ұқыптылық;
4. Төзімділік;
5. Міндет-абырой.

Бұл қағидалар оқушының күнделікті өмірінде кездеседі. Мектепте 9-мамыр Жеңіс күнін атап өту дәстүрге айналған. Соғыста қаза болған және сол сұм соғыстан хабарсыз кеткен ата-бабалардың ескерткішінің жанында еске алу рәсімі өткізіледі. Тәрбиеленуші оқушылар бұл нәубаттың қиындығы мен азабы туралы баяндалып, сақталатыны туралы айтылады. Сонымен бірге ауылымыздан соғысқа қатысқан қариялардың өмір жолдарынан мағлұмат алады.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қ. Жазықов атындағы орта мектеп халқымыздың батыр ұлдарының бірі осы Байғанин өңірінен шыққан Кеңестер Одағының батыры Қожабай Жазықовтың атын иеленіп отыр. Бұл мектеп оқушылары үшін, мектеп үшін мақтаныш, мәртебе ғана емес, үлкен жауапкершілік екенін түсіндіру мен сезіндірудің де маңызы зор екенін атап кеткен жөн. Бұл мектепте оқушыларға әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында 2010 жылдан бастап «Айбын» әскери-патриоттық тәрбие беру клубы жұмыс жасап келеді (1-сурет). Клубқа 5-11-сынып оқушылары тартылады. Қазіргі таңда әскери клубтың мүшелер саны 29 оқушыға жетті. Клубтың жылдық жоспары, анты, міндеттері және ережесі белгіленген. Клуб мүшелері мектеп, аудан және облыс көлеміндегі өткізілетін әскери-патриоттық іс-шараларға қатысып қана қоймай әскери өмірдің әртүрлі әдістерін, халқымыздың тарихын оқып үйренеді.



1-сурет. «Айбын» әскери- патриоттық тәрбие беру клубындағы жаттығулар

Әскери клубтың оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі маңызы өте зор. Өйткені оқушылар үстіне әскери форма киіп, автомат макетін асынып, саптық жаттығулар мен әскери өмірдің алғашқы сатыларын үйрене отырып, қазақ халқының қаһармандық өмір тарихын оқып үйрену арқылы өзінің бойындағы патриоттық сезімді оята алады. Мұндай әскери клубқа тартылған жасөспірімнің бойында бірлікке, адалдыққа, достыққа деген дұрыс көзқарас қалыптасады. Атап айтарлығы, осы «Айбын» әскери-патриоттық клубының мүшелері, мектебіміздің түлектері Балтауов Азамат әскери техникалық мектепті бітіріп, Ақтау қаласында Теңіз жаяу әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеуде, ал Өтесінов Ерболат Көкшетау қаласында Шоқан Уалиханов атындағы кадет корпусының курсанты. Тәжірибе көрсеткендей, оқушы үстіне әскери форма киген кезде өзінің бойын түзеп, жинақталып, әскери адамдай сезінеді, сондықтан сабақтарда немесе патриоттық іс-шараларды өткізуде оқушылардың толық әскери киіммен ұқыпты, таза, жинақы жүруін талап ету маңызды. Алғашқы әскери дайындық пәні 10-шы сыныптан бастап оқытыла бастаған кезде кейбір оқушылардың пәнге деген көзқарасы басқаша болады. Себебі алғашқы әскери дайындық пәнін оқытып, үйретуде талап пен тәртіпке аса көңіл бөлінеді. Сонымен бірге әскери тәртіп пен азаматтық тәртіптің айырмашылығы көп екендігі де ескерілгені жөн.

Әскери жарғылардың бірі тәртіптік жарғыда жауынгерлерді жақсы қызмет үшін мадақтау және теріс қылықтары үшін жазалау тармақтары бар. Мектеп қабырғасында оқып жүрген жасөспірімдерді әскери өмірдің қаталдығы, қиындығы, жауапкершілігі абыройлылығы, ұқыптылығын оқытып, үйретіп психологиялық тұрғыда дайындау керек. Егерде оқушы мектеп қабырғасында осындай тәрбие алса, ол дайын жауынгер. Алғашқы әскери дайындық пәнін оқытуда мұғалімнің әр оқушыға өзіндік іштей көзқарасы болатыны анық. Мысалы: Әрбір оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, алғашқы әскери дайындық пәніне ынтасы, өзін-өзі ұстауы, бейімділігі ескеріледі. Алғашқы әскери дайындық пәні өз мәнінде өтуі үшін мектептің материалдық базасы мықты болуы керек. Сонымен бірге көрнекі құралдар өте қажет (2-сурет).



2-сурет. Газтұмылдырықпен жаттығу

Мұғалім алғашқы сабағын қызықты өткізе отырып, оқушыны өз пәніне тарта білуі тиіс және әрбір сабақта дәл сол күнгі тақырыпқа байланысты білімінің бір ұшығын оқушының жадында есте қалдыратындай үйрету керек. Мысал ретінде, 10-шы сыныптағы өткізілген бір сабақтың үлгі жоспары беріліп отыр:

Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің шендік атақ-айырым белгілері.

Сабақтың мақсаты: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің шендік белгілерінің ерекшеліктері және шендік белгілерінің басымдылығы туралы түсінік беру.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Көрнекілігі: Интерактивті тактада слайд-шоу, шендік суреттер, оқу плакаттары және видеороликтер.



Сабақтың толық құрылымын баяндамай-ақ, сабақ өткізудегі тәжірибені қарастырайық. Бұл сабақ үйге берілген тапсырмамен тікелей байланысты. Мысалы: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери жарғысында атап көрсетілген өзіңнен шені жоғары әскериге ізет көрсетіп сыйлауға тиістісің делінген. Интерактивті тақта арқылы әскери шеннің бес құрамын көрсетуге болады. Сонымен бірге, шендік айырым белгілердің бір-бірінен айырмашылығы салыстырмалы түрде түсіндірілуі қажет. Бұл сабақты тарих пәнімен байланыстыру оқушылардың қызығушылығын оятуда біраз көмегін тигізеді. Мысалы: Ертедегі қазақ жауынгерлерінде жүз басы, мың басы, төмен басы, сардар деп аталатын әскери атақтар болғаны оқушылар үшін өте қызық. Тек қана оқулықтағы берілген мағлұматпен шектелмей, тарихи деректердегі шендер туралы әңгімелер де оқушыларды баурап алады, халықаралық дәрежедегі ең жоғарғы әскери атақты алған орыстың даңқты қолбасшысы генералиссимус Суворов туралы қызықты деректер де оқушыларға ұсынылады.

Сабақты қорытындылау мақсатында шендік белгілердің суреттері оқушыларға таратылып «Өз орныңды тап» ойыны ұйымдастырылады. Бұл ойын арқылы оқушылар әр шеннің басымдылығын ескере отырып орналасады.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі әрбір сабағын өткізуде әскери тәртіпті де сақтауы керек. Әскери жетекші сынып бөлмесіне кірген кезде тәуліктік кезекші тұрып «БӨЛІМШЕ ТІК ТҰР» пәрменін береді. Сонымен бірге, тәулік кезекшісі бөлімшенің сабаққа қатысымы мен дайындығы жөнінде баяндайды. Сынып журналы бойынша оқушылардың қатысымын тексеруде оқушының аты-жөнін атаған кезде «МЕН» деп жауап береді, ал саптан шақырған кезде «ҚҰП БОЛАДЫ» деп жауап береді. Бұл қағидалар оқушыны тәртіптілікке шақырады, оның өзіне деген сенімділігін арттырады, жинақылыққа және жауапкершілікке шақырады (3-сурет).



3-сурет. Алғашқы әскери дайындық сабағы

Тактикалық дайындық бойынша оқушылардың білімін жетілдіруге, ұрыс кезінде дұрыс әрекет етуге баулитын «Тактикалық дайындық. Жауынгерлердің ұрыстағы іс-әрекет» тарауын оқытуда да оқу-плакаты, суреттер, автомат макеті, видео-роликтер секілді оқыту құралдарын қолдануды қамтитын деңгейлік оқыту технологиялары қолданылады.

Сыныпты екі топқа бөліп, әр топқа жаңа сабақты қалай меңгергенін білу үшін І-ші деңгейлі бес сұрақтан беріліп, жауаптары тыңдалады, мысалы:

- Ұрыстағы маневр, ұрыс дегеніміз не?
- Жаяу ұрыстық машина түрлерін ата?

Сұрақтарға берілген жауаптар талқыланып, дұрыс жауаптарды анықтағаннан кейін оқушылар ІІ-ші деңгейдегі сұрақтарға көшеді. Бұл сұрақтар бірінші деңгейдегі сұрақтардан күрделірек келеді, мысалы:

- Оқпана қалай қазылады?
- Бөгеттерден өтудің қандай тәсілдері бар?



- Зақымдану аймағынан шығудың қандай тәсілдері бар?

Екі деңгейдегі сұрақтарға жауап алынған соң келесі үшінші деңгейдегі сұрақтар беріледі. Бұл сұрақтар оқушының логикалық ойлауын қажет етеді, мысалы:

- Түнде жүргізілетін ұрыста мән беретін жайттарға сипаттама беру;

- Жеңіске жету үшін командирлер білуге тиісті және орындайтын міндеттер қандай?

- Шоғырланып атыс жүргізудің қандай жолдары бар?

Осындай ойландыратын сұрақтарға жауап алынып талқыланған соң сабақты қорытындылауда осы үш деңгейдегі сұрақтар бойынша ізденуді қажет ететін тапсырмалар беріледі.

Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша теориялық білімді бергеннен кейін оны толық меңгеру үшін практикалық біліммен пысықтау қажет.

Жалпы, әрбір сабақтан соң оқушы бойында сәуледей болып Отанына, Еліне және Жеріне деген сүйіспеншілік қалыптасса, алған білімдері ойында қалып, келешекте қажетіне жараса, онда сабақтың мақсатына жеткені.

Сондай-ақ, «білім мен тәрбие егіз» деген қағидаға сәйкес, әрбір сабақтың өзіндік білімділігі мен тәрбиелік мәні болуға тиіс. Ұлы ойшыл әл-Фарабидің «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» - деген сөзі алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімінің әрқашан жадында болғаны дұрыс. Расында да, ғылым мен білімге, жаңалыққа бет бұрған дамыған мемлекеттердің өзі ел болашағы болатын жастарының идеологиясы мен тәрбиесіне аса алаңдаушылық білдіруде.

Жастар Отанымыздың қуат күші. Келешекті нұрландыру, еліміздің бүгінгі қол жеткізген жетістіктерін әрі қарай дамыту жас түлектердің еншісіне тиесілі. Бүгінгі күн талантты, жігерлі, өзіне сенетін жас түлектердің уақыты. Мемлекеттің тірегі, мемлекеттің болашағы өз елін сүйетін, өз еліне адал және аянбай қызмет ететін жастарды тәрбиелеу баршаға ортақ маңызды іс екені баршаға аян.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан–2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.* <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030>

2. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 6 қыркүйектегі N 24547.* <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002454>

3. *Алғашқы әскери дайындық: 10-11-сыныптарына арналған / Ерекешев А.М., Рихтер А.И., Бөдеев М.Т. – Алматы, Мектеп-2013.*



ЖАРТЫ ҒАСЫРҒА – БЕС ОНДЫҚ ҚАДАМ

9-сыныпта математика пәнінен сыныптан тыс іс-шара өткізудің жоспары

М.А. Ахметова*А. Косарев атындағы №9 орта мектеп мұғалімі, Степногор қ., Ақмола облысы*

Предлагаемое внеклассное мероприятие на тему: «50 шагов к пятидесятилетию» было посвящено 50 летию города Степногорск. Задачи, которые решали ученики, были связаны с историей города. Каждое задание раздела дополняет теоретические знания по математике и способствует использованию их в жизни.

The activity which was held on “Five steps to new century” is devoted to 50-th anniversary of the city Stepnogorsk. All exercises which were given to pupils were belonged to the history of this city. Each task from all parts helps pupils to use their theoretical knowledge in practical life.

Мақсаты:

- оқушылардың математика пәнінен алған білімдерін өмірде пайдалануға үйрету;
- логикалық ой-өрісін дамыту;
- шапшаңдыққа, топпен жұмыс жасай білуге үйрету;
- өзінің туған қаласының тарихын зерделеп-тануға баулу.

Көрнекілігі: Степногор қаласының эмблемасы, нақыл сөздер жазылған плакаттар, қала көріністерінің фотоальбомы, тапсырмалар жазылған парақшалар.

Сабақтың барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Бүгінгі сайыс туған қаламыздың 50 жылдығына орай өткізіліп отыр. «Жарты ғасырға – бес ондық қадам» атты жарысымыз тақырыбына сай бес кезеңнен тұрады. Әр кезеңде он тапсырма орындау керек болады. Тапсырманы орындауға берілген уақыт аяқталысымен, әр топ орындаған тапсырмаларын әділқазы мүшелеріне тапсырады.

1-жүргізуші: Уа, халайық, халайық
Бәріңе жар салайық.
Бүгінгі кеш төрінде,
Математика елінде
Есеп шешіп, таласып,
Шабыт тасып шалқысып,
Есеппен ән салысып,
Көңілді кеш жасайық.

2-жүргізуші: Құрметті көрермендер,
Білімменен сусындаған өрендер.
Қош келдіңіздер бүгінгі кешімізге
Осы кеш қалсын мәңгі есіңізде.

1-жүргізуші: Есеппен сайысады бүгін қос топ,
Алға озар ең мықты осы жолда
Көпшілік өнерлерін қызықтасын
Шақырайық топтарды ортамызға.

2-жүргізуші: Ортада ылғи дарындар.
Көздерінде жалын бар.
«Икс» тобын халайық
Құрметпен қарсы алайық.



1-жүргізуші: Дайындықпен келіп тұрған жарысқа,
Есеп білсе жетеді ғой табысқа
«Игрек» тобын шақырайық ортаға
Шын жүйріктен шабатұғын алысқа.

2-жүргізуші: Шын жүйрік шабысынан танылады,
Нақты білім, терең ой сыналады.
Баға берер әділқазы ортамызда
Сіздерге құрметпенен қол соғады.

1-жүргізуші: Топтар арасындағы жарысты бағалайтын әділқазылар алқасымен таныс болайық
(әділқазы мүшелерімен таныстырады).

Ал, кәнеки, сайыскерлер
Келді кезең сыналар.
Алдымен топтармен танысып алайық.
Сөз кезегі өздерінде. (әр топ өздерін таныстырады)

2-жүргізуші: Ал, енді жарысымызды бастаймыз. Бірінші кезең «Тарих қойнауына үңілсек».

Өткенге көз жібермей, болашақты болжау жоқ дегендей, алдымен математика ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың есімдері жасырылған сөзжұмбақты шешейік. Бұл кезеңнің мақсаты – сөзжұмбақта тігінен жазылған сөзді табу. Әрине ол сөз жарысымызға байланысты. (2 минут).

Тапсырма сұрақтары:

«Математик болу үшін ақынжанды болу керек» нақыл сөзінің авторы. (Ковалевская).

«Вектор» терминін енгізген ағылшын математигі. (Гамильтон).

Алғашқы рет «функция» терминін енгізген ғалым. (Лейбниц).

«Құрбандыққа 100 өгіз шалыныпты» деген аңыз қандай теоремаға қатысты айтылған. (Пифагор).

I ғасырда өмір сүрген ежелгі грек математигі. (Герон).


«Математика – ақыл-ойды ретке келтіріп, тәртіпке салатын ғылым» нақыл сөзінің авторы. (Ломоносов).

«Математика – ғылымдар патшасы, ал арифметика – математика патшасы» нақыл сөзінің авторы. (Гаусс).

XI-XII ғасырларда өмір сүрген Орта Азия ғалымы, ұлы ақын, математик, Иран-Тәжік классигі. (Омар Хайям).

Аристотель шығармаларының бірінші коментаторы, «Математикалық трактаттар» шығармасының авторы. (Әл-Фараби).

XIV-XV ғасырда өмір сүрген Орта Азия математигі, Самарқандтағы обсерваторияның негізін қалаушы. (Ұлықбек).




Сөзжұмбақтың шешуінен шыққан сөз «Степногор қ.»

1-жүргізуші: Көкшетау қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 198 шақырым жерде орналасқан Степногор қала мәртебесін 1964 жылы алды.

Бірақ оны ол заманда картадан табу мүмкін емес еді. Ұзақ жылдар бойы ол құпия елді мекендер



қатарына жатқызылып, «пошта жәшігі» делінетін атаумен аталды. Жапан далада аты жоғалған, дәлірек айтқанда жасырын ұсталған қала, өзінің салынуымен назар аудартты.



1956 жылдан мұндағы тау-кен химия комбинаты ірге көтергеннен бастап қаланың аты шығады. Комбинат уран кенін өндіріп, өңдейтін. Сондай-ақ мұнда минералды тыңайтқыштар, күкірт қышқылы, ешқандай аналогы жоқ технология 999 таңбалы алтын өндіру жүзеге асырылды.

«Менің қалам Степногор» әні орындалады. (Қаланың көрінісі слайдта көрсетіледі)

2-жүргізуші: Екінші кезең «Сандар сыр шертеді».

Екінші кезеңде орындалатын әр тапсырманың жауабында шығатын сандар туған қаламыз туралы мағлұмат береді. (5 минут).

Теңдеуді шешіңдер:

$$x^2 - 11x + 28 = 0 \quad (x_1 = 4; x_2 = 7)$$

{ a_n } арифметикалық прогрессияның бірінші мүшесі 73-ке, айырымы 12-ге тең. Осы прогрессияның алғашқы жүз мүшесінің қосындысын табыңдар.

$$(S_{100} = 66700)$$

Өрнектің мәнін табыңдар:

$$(3\sqrt{5} + 2(3\sqrt{5} - 2) + \sqrt{841}) \quad (70)$$

4. Теңдеулер жүйесін шешіңдер:
$$\begin{cases} x - y = 16 \\ x^2 - y^2 = 1344 \end{cases} \quad (50; 34)$$

5. Теңсіздікті шешіңдер:

$$\frac{x^2 - 14x + 45}{x^2 + 2} \leq 0 \quad [5; 9]$$

6. Теңсіздіктер жүйесі шешімінің ең үлкен бүтін мәнін табыңдар:

$$\begin{cases} x^2 + 6x - 7 > 0 \\ x - 3 < 0 \end{cases} \quad (2)$$

7. $\vec{a}(7; -1)$ және $\vec{b}(-8; 6)$ берілген. $c = 3\vec{a} + 2\vec{b}$ координаталарын табыңдар.

$$(c(5; 9))$$

8. A(-3; -11), B(4; 13) нүктелері берілген \overrightarrow{AB} ұзындығын табыңдар. (25)

9. $\vec{a}(-9; 17)$ және $\vec{b}(0; 2)$ берілген. Скаляр көбейтіндісін табыңдар. (34)

10. Өрнекті ықшамдап, мәнін табыңдар:

$$(x - \sqrt{3})^2 + (2x - \sqrt{3})(2x + \sqrt{3}) + 2\sqrt{3}x \quad \text{мұндағы } x = 13 \quad (845)$$

1-жүргізуші: Сонымен, қала аумағына 4 кент және 7 ауыл жатады. Олар: Ақсу, Бестөбе, Заводской,




Шантөбе кенттері мен Подхоз, Карабұлақ, Новокронштадк, Бөгенбай, Изобильный, Степногорск, Қырық-Құдық ауылдары. Халқының саны қарамағындағы ауыл, кенттермен қоса алғанда 66700 адам. 70 ұлт өкілі бар, соның ішінде 34%-ы қазақ халқы, 50%-ы орыс ұлты. Степногор қаласында 5 балабақша, жалпы білім беретін 9 мектеп бар. Соның ішінде қазақ мектептері екеу. Ең алғашқы қазақ мектебі аталған № 5 мектеп болса, қазір ол көп салалы мектеп-лицей атағын алды, екіншісі өкшесін басып келе жатқан біздің сүйікті № 9 орта мектебіміз. Биыл біз қазақ мектебі деген мәртебе алып, мектебіміздің 25 жылдық мерейтойын атап өттік. Биылғы 2013-2014 оқу жылында біздің мектепте 34 сынып бар, 845 оқушы білім алуа.

2-жүргізуші: Үшінші кезең «Суреттен формулаға» деп аталады.

Координаталық жазықтықта салынған әр кескін белгілі бір функцияның формуласына сәйкес. Кезеңнің мақсаты – осы 10 формуланы анықтап, әр формулада жасырылған әріптерден құрастырылған сөзді табу.

(4 минут).



Жауабы: Күн: $(x + 18)^2 + (y - 18)^2 \leq 9$

Сәулелері: $x = -18$ түзуі, мұндағы $y \in [8; 14]$

$y = -x$ түзуі, мұндағы $x \in [-15; -11]$

$y = 18$ түзуі, мұндағы $x \in [-14; -7]$

Таулар: $y = -|x| + 16$, мұндағы $x \in [-8; 8]$

$y = -|x - 8| + 16$, мұндағы $x \in [4; 12]$

$y = -|x - 18| + 18$, мұндағы $x \in [6; 30]$

Шаңырақ: 1-топ $y = -\frac{1}{4}(x + 8)^2 + 6$, мұндағы $x \in [-12; -4]$

2-топ $y = -\frac{1}{4}(x - 10)^2 + 4$, мұндағы $x \in [6; 14]$

Кереге: 1-топ $y = 1/8 (x + 8)^2$ параболасы, мұндағы $x \in [-12; -4]$

$y = 1/8 (x + 8)^2 - 5$ параболасы, мұндағы $x \in [-12; -4]$

2-топ $y = 1/8 (x - 10)^2 - 2$ параболасы, мұндағы $x \in [6; 14]$

$y = 1/8 (x - 10)^2 - 7$ параболасы, мұндағы $x \in [6; 14]$

1-жүргізуші: Демек, формулалардың астында берілген әріптерді құрастырғанда өнеркәсіп сөзі шықты.

2-жүргізуші: Кезінде өнеркәсіптің қайнар көзі болған қаламыз бүгін де сол қалпына қайта оралды. Қаламыздағы кәсіпорындар алтын, полиметалл (уран), молибден, теміржол жабдықтарын және т.б. өндіреді. Өндірістік кәсіпорында 11 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Степногорск тау-кен химиялық комбинаты қаламыздағы басты кәсіпорын. Гидрометалургиялық зауыт жобалық өнім-уранды кен



өндірумен қатар, «Казатомпром» ұлттық компаниясы табиғи уран концентраттарын өндейді. Бүгінгі күнде жылына 4000 тонна уран өндіреді.



«Қазақалтын» тау-кен-металлургиялық концерні Қазақстандағы алтын өндіретін негізгі кәсіпорын. Оның қарамағында 3 ірі кент (Ақсу, Бестөбе, Жолымбет) бар. Кенттердің әрқайсысында бірнеше шахта мен өңдеу фабрикасы жұмыс істейді.

Аймақтағы ірі өнеркәсіптерінің бірі – «Степногорск подшипник зауыты» акционерлік қоғамы. Бір жылда 18,4 мың тонна өнім өндіреді. Зауыт қазақстандық және ресейлік теміржолдарымен қатар шағын жеке меншік жөндеу компанияларының сұранысын толық қамтамасыз етеді.

«Арыстан» тұрба зауыты – Қазақстандағы ең ірі зауыт. Пластик тобына жататын, сумен қамтамасыз ететін, кәріз және газ құбырларына арналған полиэтиленді тұрба жүйесін өндіреді. Жылдық өнімділігі полителенді тұрба 25 мың тонна және гофриленген тұрба 10,5 мың тонна.



Сондай-ақ қаламызда химия, машина жасау «Моликен», «Целингомаш» ЖШС, микробиология, «Биомедпрепарат» ғылыми-өндірістік комбинаты, тамақ, құрылыс материалдары кәсіпорындары, энергетика саласы жақсы дамыған.

1-жүргізуші: Төртінші кезең «Білгенге маржан».

Келесі бөлімде теория мен логикаға үнілейік. Бұл кезеңнің мақсаты – берілген тапсырмаларды орындағанда шығатын жауаптардың бірінші әріптерінен құралатын сөзді табу.

Тапсырмалар:

Барлық нүктесі берілген нүктеден бірдей қашықтықта жататын геометриялық фигура. (Шеңбер).

Дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырымды ... деп атайды. (Аксиома)

10 есе 10 жылды қалай атайды? (Ғасыр).

...дегеніміз белгілі бір анықталған жағдайда қандай да бір кездейсоқ оқиғаның пайда болу дәрежесінің сандық сипаттамасы. (Ықтималдық).

Қандай санның римдік нөмірлеуі жоқ? (Нөл).

Бөлгіштерінің саны екіден артық болатын натурал сандарды ... сандар деп атайды. (Құрама)

Нүктенің бірінші координатасы қалай аталады? (Абсцисса)

Адамның ерекше ойлау қабілетін дамытатын математикалық есептің түрі. (Логикалық).

Алымы 1 саны, бөлімі кез келген натурал сан болатын бөлшектер ... бөлшектер деп аталады. (Аликуоттық).

1 км-дің мыңнан бір бөлігі қалай аталады? (Метр).

Берілген тапсырманың шешімі «шағынқалам».

2-жүргізуші:

Қазақстан Республикасындағы шағын қалаларды дамыту бағдарламасына енген Степногор қаласы Ақмола облысындағы осындай санаттағы бір ғана шаһар. Бүгінгі күнде біздің қаламыз дамыту кешенді жоспарына сәйкес өркендеуде. 2013-2015 жылдары кешенді жоспарының іс-шараларын қаржыландырудың жалпы көлемі 75,8 млрд теңгені құрайды. Осы күндері қала бағдарлама шеңберінде өркендеуде. Көшелердің бойындағы жолдарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Орталық алаң мен саябақтарды абаттандыру жұмыстары, көшелер жарықтандырылып, бағдарламалар қалпына келтіріліп, жаңа субұрпақтар орнатылды және т. б. өте көптеген өзгерістерді көруге болады. 50 жыл толғалы отырған қаламыз тағы да жарқырай түсуге тиіс деп ойлаймыз.

1-жүргізуші: Бесінші кезең «Өнерліге өріс кең».

Қаламызда талапты да өнерлі балалар өте көп, олардың өнерлерін дамытуға ықпал ететін барлық жағдай жасалған. Қалада музыкалық мектеп пен көркемсурет мектептері бар, қаланың мәдениет сарайларында бірнеше үйірмелер жұмыс істейді. Сонымен қатар балет студиясы, «Серпантин», «Радуга» спорттық би ансамблдері, балалар мен жастардың шығармашылық үйі, балалардың қызығушылығына байланысты ұйымдастырылған 9 клуб, 12 кітапхана, Мәдениет және демалыс саябағы, 2 спорт кешені, стадион, 2 шаңғы базасы және т.б.



Бұл кезеңде оқушылар үй берілген тапсырманы, яғни әр топ өз өнерлерін көрсетеді. Сөз кезегі «икс» және «игрек» тобына беріледі.

Әділқазы мүшелері шешім шығарғанға дейін, қонақтарды «Сүгір» термесін тамашалауға шақырамыз.

1-жүргізуші: Кешіміздің соңғы сәті таяп қалды,

Деменіздер біз өнерді аяп қалды.

Әділ қазы, сіздерге сөз береміз,

Жеңімпаздар кім болып сарапталды.

Сөз кезегі әділқазылар алқасында. Марапаттау рәсімі.

«Жүректен жүрекке» рефлексия

Мұғалім: 50 жыл Степногор қаласына

Қазақтың ұлан-ғайыр даласына

Өркендеп өсе түсті жас шаһарым,

Мекен боп сан ұлттың баласына - деп

Өз қаламызды өзіміз гүлдендіре берейік.

Іс-шара «Туған жер» әнімен аяқталады.







СЕНДЕР ДЕП ҒҰМЫР КЕШЕМІН

Көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясы және Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, саясаткер, Қазақстан Республикасының алғашқы кәсіби Парламенті депутаты, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасы білім беру саласының құрметті қызметкері – Жұмағали Жөкейұлы Наурызбай бүгінгі таңда 65 жасқа толып отыр.



Жұмағали Жөкейұлы Наурызбай 1949 жылы 21 қазанда Қарағанды облысы Жезқазған кенті елді мекенінде дүниеге келді, сол жерде ол №8 қазақ орта мектебінде білім алды.

1972 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетін «Биология және химия оқытушысы» мамандығы бойынша үздік аяқтап, 1998 жылы Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетін «Заңгер» мамандығы бойынша үздік тәмәмдады.

1986 жылы КСРО Педагогика ғылымдары академиясының Кәсіптік-техникалық педагогика ҒЗИ (Қазан қ.) педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алуға жазылған диссертациясын сәтті қорғап, 1998 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде педагогика ғылымдарының докторы атағын алу үшін диссертациясын қорғады.

Ғалым, саясаткер, туған халқы мен Отанының тағдырына бейжай қарай алмайтын азамат ретінде Жұмағали Жөкейұлы Наурызбай ана тіліміз бен төл мәдениетімізді сақтау және болашаққа аманаттау мақсатындағы ұлтымыздың ұлы мұраты жолында тынымсыз еңбек етті. Тәу етер Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл саясатының тұжырымдамасын ұсынды, 1991-1994 жылдары қасиетті қазақ тілінің елімізде мемлекеттік тіл мәртебесіне сай орын алуына арналған 40-тан астам мақаласы жарық көрді. Ұлт тағдыры үшін толғанысқа толы «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» монографиясын жазды, «Ұлттың ұлы бола алсақ» публицистикалық мақалалар жинағын шығарды. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Терминологиялық және Ономастикалық комиссиялардың, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма және президиумы мүшесі ретінде де жемісті еңбек етті.

1990 жылы ҚазКСР Президенті Кеңесінің кеңесшісі, 1991–1994 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратында сектор меңгерушісі, кеңесшілер тобының жетекшісі (бөлім меңгерушісі) қызметтерін атқарды. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің жауапты хатшысы, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты (1995-1999 жж.) ретінде «Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәдени дамуы», «Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру», «Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру» тұжырымдамаларының, білім туралы, мәдениет туралы, тіл туралы, ұлттық қауіпсіздік туралы және т.б. бірқатар заңдарды дайындауға белсене қатысты.

Ж.Ж. Наурызбай – ұлтжандылық пен ұлтаралық келісім өнегесін танытып жүрген азамат. Ол 1996 жылы «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім» тұжырымдамасын жасады, аталмыш тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің шешімімен бекітіліп, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Өкімімен мақұлданды.

Тұжырымдама екі өзара байланысты мақсатты жүзеге асыруға бағытталған, олар: этностық сәйкестендіру және мемлекеттік интеграция. Автор этномәдени және мемлекеттік сәйкестілікке білім беру жүйесі арқылы барынша тиімді қол жеткізуге болатынын көрсетіп берді. Этномәдени білім беру тұжырымдамасы біртұтас қазақстандық социумда саяси-этностық тәрбие идеяларын

тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асыру үшін ауқымды мүмкіндікке есік ашты. Ол сонымен бірге этноәлеуметтік ғылымдардың, этномәдениеттану, этнопедагогика, этнопсихологияның дамуы үшін әдіснамалық негізге айналды. Ғалым осы бағытта талай шәкіртінің бойына шырақ жақты.

«...мемлекеттік саясаттың барлық даналығы мен билеушілердің бар қырағылығы ұрпақтарды тәрбиелеуде жатыр» деп ежелгі ғұламалар қадап айтып кеткен болатын. Ата-баба өсиетін қатаң ұстанған Жұмағали Жөкейұлы Наурызбай өзінің саяси қызметінде басты мәселені – жас ұрпаққа білім беру және тәрбиелеуді үнемі есте ұстады: «Мен, саясаткер ретінде, ең алдымен, балалардың, олардың ұстаздарының және ата-аналарының мүдделерін қорғаймын. Яғни, өскелең ұрпаққа, аналар мен ұстаздарға қамқорлық таныта отырып, мен бүкіл қоғамның мәселелерімен айналысамын» - деген болатын ол өзінің бір сөзінде. Осы тұрғыдан профессор Қазақстан қоғамының білім беру және тәрбиелеу мәселелерін өзінің «Өмір қақпасы», «Этнокультурное образование», «Тұлғалар туралы толғаныс», «Открытая политика» және т.б. сүбелі еңбектерінде жан-жақты қарастырады.

Жұмағали Жөкейұлы үшін патриотизм – бұл жай әріптерден тұратын сөз емес, оны ол өз істерінің әрбір қырынан таныта алды. Қазақта «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол», – деген дана сөз бар. Оның өмірлік мұраты – туған халқына қызмет ету, оның өзіндік мәдениетін, тілін, дәстүрін, әрбір этнос үшін тірек өзегі болып табылатын ұлттық құндылықтарын сақтау. Халықпен арадағы рухани байланыс оның әрбір ақындық туындысы мен философиялық эсселерінен де байқалады.

Жұмағали Наурызбай – табиғатынан ақын боп туған азамат. Республикалық басылымдарда жиі жарияланған топтама жырларын, «Махаббат киесі», «Ғашықтық – бақыт», «Лағындай ерке киіктің» және «Күз-көңіл» өлең жинақтарын оқырман жылы қабылдады, М. Әлімбаев, Ф. Оңғарсынова, К. Салықов, Т. Медетбек, Ғ. Жайлыбай, С. Негимов оң бағалады.

«Еліммен бірге өсемін,
Халықпен түгел есебім.
Туған жер, Отан, отбасы,
Сендер деп ғұмыр кешемін».

Міне, ақынның өмірлік, шығармашылық темірқазығы осындай.

Ж.Ж. Наурызбай Жезқазған өңірі, туған қаласының дамуына мол үлес қосты. Ол туған қаласында көптеген парасатты істер мен игі дәстүрлерге бастамашыл және басшы болды. Оның басшылығымен қала тарихында алғашқы «Жезқазған» энциклопедиясы, Ұлы Отан соғысы майдандарында қайтыс болған жезқазғандықтар туралы екі томдық «Боздақтар» Зерде кітабы жарыққа шықты. Ұлы Абайдың 150-жылдығы мен Сәкен Сейфуллиннің 100-жылдығы кезіндегі мерекелік шаралардың тағылымды тұстары ұмытылған жоқ. Өзінің туған қаласына өлеңдер жинағын, өлеңдеріне жазылған «Жан жайлауым – Жезқазған» ән дискісін арнады. Бірнеше рет қала мәслихатының депутаты болып сайланды. Аймақты дамытуға қосқан үлесі үшін оған «Жезқазған қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

2000 жылдан бастап О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры қызметін атқарды. Университет құрамында үш институт құрылды, Индустриялық-гуманитарлық колледж ашылды. Университет бірнеше рет мемлекеттік аттестациядан сәтті өтіп, сапа менеджменті жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестілік сертификатын алды. Университет өміріндегі атаулы оқиға 2003 жылы «Өнеркәсіпке қолдау көрсету» Француз қауымдастығының алтын медалімен марапатталуы болды.

Ж.Ж. Наурызбай ғалым және саясаткер үшін салиқалы басылымдар санына ие. Олардың ішінде 40-тан аса кітаптар мен кітапшалар, атап айтқанда оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, сондай-ақ, білім беру, мәдениет, жастарды тәрбиелеу, ұлттық саясат, Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері бойынша 500-ден астам мақалалар бар.

Ғалым есімі «Қазақстан Республикасының жоғары мектебінің көрнекті ғалым-педагогтары» энциклопедиясына, «Қазақ тілінің сардарлары мен сарбаздары» кітабына және «XXI ғасырдың 2000 көрнекті зияткерлері» анықтамалығына кірді, соңғысын Халықаралық биографиялық орталық (Кэмбридж, Англия) басып шығарған.

Жұмағали Жөкейұлының өз ғылыми мектебі бар. Оның ізденушілері Қазақстанның білім беру тарихы, этномәдени білім беру, жоғары және орта білім беру жүйелерінің дамуы мәселелері



бойынша кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғады. Ғалым басшылығымен жүргізілген этнопедагогикалық, этномәдени зерттеулер заманауи қазақстандық білім берудің дамуының келелі мәселелерін ашады, жаһандық өзгерістерді ескереді, толеранттық ойлауды, мәдениаралық күзіреттілікті дамытуға көмектеседі. Оның ізденушілерінің ғылыми зерттеулеріндегі ең маңызды дүниелер халықпен, туған тіл және төл мәдениетпен үздіксіз байланыста.

Көптеген жылдар бойы Ж.Ж. Наурызбай академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы педагогикалық ғылымдардың докторы ғылыми атағын ізденушілерге диссертацияларды қорғау жөніндегі біріккен диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамында болды, сондай-ақ, «Қазақстан жоғары мектебі», «Қазақстан мектебі», «Парасат», «Ақиқат», т. б. журналдардың редакциялық алқаларының мүшесі болды. Қазіргі таңда «Білім-Образование», «Қазақстан кәсіпкері-Профессионал Казахстана» журналдары редакциялық алқаларының мүшесі.

Ж.Ж. Наурызбай білім беру, ғылым және қоғамдық қызмет саласындағы еңбегі үшін «Құрмет» ордені және алты медальмен марапатталған. Ол Ы. Алтынсарин және А. Байтұрсынов атындағы төсбелгілердің иегері.

Жұмағали Жөкейұлы зейнеткерлікке шықса да ғылыми ізденістерін жалғастыруда: Қазақстан білімі мен ғылымының қарашаңырағы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында Кәсіптік-техникалық және жоғары білім институтының директоры болды, қазір – Тәрбие және этномәдениет бөлімінің меңгерушісі.

Көрнекті ғалымды мерейтойымен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, отбасына әл-ауқат пен бақыт, кәсіби ісінде жетістіктер, дарынды шәкірттер және жаңа ғылыми жаңалықтар ашуын тілейміз.

Шәкірттерінің атынан:

Ш.М. Мұхтарова – педагогика ғылымдарының докторы, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры

Т. Калкеева – педагогика ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

С.Қ. Абильдина – педагогика ғылымдарының докторы, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі

Доктор географических наук, профессор кафедры физической и экономической географии факультета естественных наук ЕНУ имени Л.Н.Гумилева Мазбаев Орденбек Блисбекович родился 28 апреля 1954 года. В 1976 году окончил естественно-географический факультет Казахского Государственного педагогического института им. Абая по специальности «география и биология». В 1993 году в КАО имени Алтынсарина защитил кандидатскую диссертацию на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. В 1998 г. присвоено ученое звание «доцента» по специальности «география». С 2003года- профессор КазНПУ имени Абая, с 2010 года - университета Туран. С 2013 года работает профессором ЕНУ имени Л.Н.Гумилева. В 2010 году защитил диссертацию на



соискание ученой степени доктора географических наук. В 2008 году, в Москве, избран академиком Международной академии детского туризма и краеведения (МАДЮТК). В 2011 году избран академиком Международной академии информатизации. Обладатель «Золотого компаса» МАДЮТК, медали КазНПУ им.Абая «Ерен еңбегі үшін», диплома «За верность детскому туризму» МАДЮТК, европейской золотой медали.

Мазбаев О.Б. работал учителем, заместителем директора по учебно-воспитательной работе, директором Международного центра туризма и краеведения РК. Отличник образования РК(1993), заслуженный инструктор туризма РК (2008), почетный работник туризма РК (2010). Имеет общий научно-педагогический стаж 36лет. Из них 20 лет непосредственно занимался научно-педагогической работой в КазНПУ им.Абая.

Он является научным руководителем и организатором двух крупных научно-познавательных экспедиций: первой Казахской автомобильной экспедиции на Южный полюс Земли (декабрь 2011года), а также научно-познавательной экспедиции «Легенды Казахстана» (сентябрь 2012 года). Мазбаевым О.Б. осуществляются руководство по координации развития туризма в Казахстане. Результаты исследования ученого внедряются в учебный процесс, подготовлена заявка на вхождение Республики Казахстан в Международный Антарктический договор, а также на открытие полярной казахстанской станции на материке Антарктида. В текущем году осуществлена экспедиция по маршруту Ш.Уалиханова в г.Кашгар. Является активным учредителем и действительным членом казахстанского национального географического общества.

Активный пропагандист туризма в средствах массовой информации, пользуется заслуженным уважением среди туристского актива Республики Казахстан. В 2009-2014 гг. Мазбаев О.Б. являлся ответственным исполнителем фундаментальных и прикладных исследований, выполненных под руководством ТОО «Институт географии». Основные итоги исследований издаются в виде монографии.

Научные взгляды и интересы Мазбаева О.Б. формировались в тесном контакте с ведущими школами казахстанских и российских географов, крупнейшими учеными, такими как А.А.Остапец-Свещниковым, Л.М.Панчешниковой, А.С.Бейсеновой, А.Р.Медеу и другими. Было бы справедливо отметить, что по масштабам научного, методологического уровня и целевой направленности, исследования О.Б.Мазбаева наряду с трудами немногих других ученых-географов и педагогов страны взяты за основу при подготовке кадров по географии и туризму в Казахстане. Им научно обоснованы географические основы устойчивого развития туризма в Республике Казахстан.

Мазбаевым О.Б. опубликованы более 350 работ, в том числе учебные пособия для студентов, учебно-методические пособия для учителей школы, мультимедийный электронный учебник

«Физическая география Казахстана», подготовлены 14 учебных пособий по туризму. Его научные труды посвящены методике преподавания географии и туристских дисциплин, использованию новых инновационных технологий. Является автором 11 электронных мультимедийных учебников, которые получили широкую известность и признание среди научно-педагогической общественности. Имеет свидетельство об интеллектуальной собственности.

Мазбаевым О.Б. сформирована научная школа по педагогике туризма и географии туризма. Подготовлен целый ряд высококвалифицированных специалистов, бакалавров и магистрантов, в том числе 3 кандидата наук. Он являлся членом диссертационного совета по защите докторских диссертаций PhD при КазНУ им. аль-Фараби по специальности «география», при институте географии МОН Кыргызской Республики, а также членом редколлегии 6 казахстанских и двух иностранных журналов.

Учитывая значительный вклад в развитии науки в области педагогики и географии туризма в Казахстане, создание отечественной школы в важных научных направлениях, издание целого ряда научных трудов, получивших широкую известность в стране и за рубежом, Мазбаев О.Б. представлен к награде знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан».

Коллектив Национальной Академии образования имени И. Алтынсарина, друзья и коллеги Мазбаева О.Б. поздравляют его с юбилеем и желают ему крепкого здоровья, больших успехов в научной, педагогической и общественной деятельности на благо развития образования в нашей стране.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

- Алтеев Ж.** – оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
- Аманжолова Ғ. С.** – Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі, Тараз қ.
- Аюпова З.К.** – з.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультеті халықаралық құқық кафедрасының профессоры, Алматы қ.
- Әбілғазина А.Е.** – т.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, кәсіптік білім бөлімінің меңгерушісі, Астана қ.
- Байтұрсынова А.А.** – п.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, эстетикалық-технологиялық білім зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Бақыт А.** – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, шағын жинақты дамыту орталығының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Даньяров Ғ.З.** – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, жаратылыстану-математикалық білім зертханасының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Жүнісова Г.К.** – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, шағын жинақты дамыту орталығының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Заркешева А.Е.** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Астана қ.
- Көптілеуова С.Қ.** – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, эстетикалық-технологиялық білім зертханасының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Көшеров Н.М.** – п.ғ.к., Жамбыл гуманитарлық техникалық университеті, педагогика және психология кафедрасының доценті, Тараз қ.
- Құсайынов Д.Ө.** – ф.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультетінің әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының профессоры, Астана қ.
- Михалев Р.К.** – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, жаратылыстану-математикалық білім зертхананың аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Мұхтарова Ш.М.** – Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.
- Нұрқасымова С.Н.** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
- Рахметова Г.Е.** – Павлодар қызмет көрсету саласы колледжінің еңбекке баулу шебері, Павлодар қ.
- Сұлтан Ж.** – PhD, Брунел бизнес мектебінің зерттеушісі, Лондон қ., Ұлыбритания
- Тастанова А.Қ.** – педагогикалық ғылымдар магистрі, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, кәсіптік білім бөлімінің аға ғылыми қызметкері
- Төлеубаева Х.Т.** – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, шағын жинақты дамыту орталығының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Уланова М.Н.** – Омбы мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты, Омбы қ., РФ
- Хайрулдин М.А.** – п.ғ.к., профессор, В.А. Сухомлинский атындағы Николаев ұлттық университеті, тұлғаны тәрбиелеу және дамыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, Николаев қ., Ураина
- Хамитова А.Ғ.** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Астана қ.

НАШИ АВТОРЫ

Абылгазина А.Е. – к.и.н., заведующая отделом профессионального образования НАО им.Ы. Алтынсарина, г.Астана

Алтеев Ж. – преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Аюпова З.К. – доктор юридических наук, профессор кафедры международного права факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби

Байтурсынова А.А. – к.п.н., ВНС лаборатории эстетико-технологического образования НАО им.Ы. Алтынсарина, г.Астана

Бакыт А. – СНС центра развития малокомплектных школ НАО им.Ы. Алтынсарина, г.Астана

Даньяров Г.З. – СНС лаборатории естественно-математического образования НАО им. Ы. Алтынсарина, г.Астана

Жунусова Г.К. – СНС центра развития малокомплектных школ НАО им.Ы. Алтынсарина, г.Астана

Заркешева А.Е. – ст. преподаватель, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, филологический факультет, кафедра иностранных языков, г. Астана

Куптилеуова С.К. – лаборатории эстетико-технологического образования НАО им. Ы. Алтынсарина, г.Астана

Кушеров Н.М. – к.п.н., доцент кафедры педагогики и психологии Джамбульского гуманитарно-технического университета, г.Тараз

Қусайнов Д.У. – доктор философских наук, профессор кафедры социо-гуманитарных дисциплин исторического факультета КазНПУ им. Абая

Михалев Р.К. – СНС лаборатории естественно-математического образования НАО им. Ы. Алтынсарина, г.Астана

Мухтарова Ш.М. – КарГУ им. Е.А. Букедова, г.Караганда

Нуркасымова С.Н. – Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г. Астана

Рахметова Г.Е. – мастер трудового обучения КГКП «Павлодарский колледж сферы обслуживания», г.Павлодар

Султан Ж. – PhD, доцент, исследователь Брунельской Бизнес Школы, г. Лондон, Великобритания

Тастанова А.Қ. – магистр педагогических наук, СНС отдела профессионального образования НАО им. Ы. Алтынсарина, г.Астана

Тулеубаева Х.Т. – СНС центра развития малокомплектных школ НАО им.Ы.Алтынсарина, г.Астана

Уланова М.Н. – Магистрант Омского государственного педагогического университета, г.Омск, РФ

Хайрулдинов М.А. – д.п.н., профессор, заведующий кафедрой теории и методики воспитания и развития личности Николаевского национального университета им. В.А. Сухомлинского, г.Николаев, Украина

Хамитова А.Г. – ст. преподаватель, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, филологический факультет, кафедра иностранных языков, г. Астана

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ

1. Басылымдарға қазақ, орыс және шетел тілдерінде педагогикалық бағытта жазылған мақалалар қабылданады. Шетел тілінде жазылған мақалаларды жариялау жағдайында, нотариус арқылы расталған, мәтіннің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Қолжазбаны автор мұқият тексеріп, редакциялап шығуы тиіс.

2. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалаларына ғылым докторының немесе кандидатының, философияның PhD докторының рецензиясы қоса берілуі тиіс.

3. Компьютерде терілген қолжазба мақалалар 1 данада, жол аралығы бір интервал, парақтың бір жақ бетіне басылған, парақтың жол жиегі: сол жағы - 30 мм., оң жағы – 15 мм., үстіңгі және астыңғы жолағы – 20 мм. және «Windows үшін Word 7,0 (97. 2000)» мәтіндік редакторында электрондық нұсқада қабылданады.

4. Қолжазбаның көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің жазбаларын, суреттерді қосқанда) 3 беттен кем болмауы және 10 беттен аспауы тиіс.

5. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс.

6. Мақала қатаң түрде келесі ережелерге сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша ЭОЖ;

- мақала атауы мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс және 8-10 сөзден аспауы керек; техникалық параметрлері: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Times New Roman бас әріппен, қалың шрифтпен, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, сондай-ақ мекемелердің толық атауы келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- аңдатпа кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылуы қажет: кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- мақала мәтіні: кегль – 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтіндер үшін қаріп түрі – Times New Roman, жол аралығы бір жарым интервал;

- мақала кіріспеден басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізгі қорытындымен тұжырымдалады, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап болуы тиіс;

- мақаладағы сілтемелер және/немесе пайдаланылған әдебиеттер 2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы бойынша ресімделуі тиіс. Библиографиялық жазба, библиографиялық сипаты. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережесі (2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған). Жұмыстардың тізімі оларды мәтінде ескеру тәртібімен ұсынылады. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде көрсетіледі (латын қарпін пайдаланбайтын жапон, қытай және басқа тілдердегі атаулар орыс тіліндегі транскрипциясымен жазылады. Ең алдымен қазақ тіліндегі, содан соң орыс тіліндегі және әліпбилері туыстас (украин, болгар және т.б.) тілдердің, келесі кезекте латын әліпбиімен берілген еңбектер көрсетіледі. Қолжазбадағы сілтемелер мен ескертулер реттік нөмірмен белгіленеді және төрт бұрышты жақшаларға алынады;

- мәтіндегі кестелер сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс. Кестеде пайдаланылған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылған ескертуде анық берілуі қажет;

- суреттер TIFF (*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. әр суретке мәтінде бір сілтеме болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі – өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атаулары;

- Математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула – бір объект).

7. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

8. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Орынбор к-сі, 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат, каб. 1507. Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

9. Байланыс тел: 8 (7172) 57-66-49

E-mail:

bilim-edu.2003@mail.ru

// жазылу индексі 75754

nao12@list.ru

// жазылу индексі 75382

profkaz@mail.ru

// жазылу индексі 75939

10. Автор туралы мәліметтер бөлек бетте (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

Реквизиттер: РНН 600900611860, БИН 080940006848, ИИК KZ44826Z0KZTD2004082, БИК ALMNKZKA, Кбе 16, «АТФ Банк» АҚ, Астана қ.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

1. К публикациям принимаются статьи на казахском, русском, иностранных языках. В случаях, когда статьи публикуются на иностранном языке, прилагается нотариально заверенный текст перевода на казахский или русский язык. Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.

2. Статьи авторов, не имеющих ученой степени, должны сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук, или доктора философии PhD.

3. Рукописи статей принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000) для Windows».

4. Объем рукописи (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.

5. Объем рисунков не должен превышать 1/4 объема статьи.

6. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

- УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

- заглавие статьи должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 8-10 значащих слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центrovанный;

- инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), а также полное название учреждения должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Arial, абзац центrovанный;

- аннотация должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 15 строк, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал – одинарный;

- текст статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал – полуторный;

- статья начинается с введения, в котором очень кратко, сжато и лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

- статья завершается формулировкой основного вывода, которая должна содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

- пристатейные ссылки и/или списки пристатейной литературы следует оформлять по ГОСТ 7.1 – 2003. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления (ГОСТ 7.1 – 2003 Принят Межгосударственным Советом по стандартизации, метрологии и сертификации (протокол № 12 от 2 июля 2003 г.). Список работ представляется в порядке упоминания их в тексте. Все ссылки даются на языке оригинала (названия на японском, китайском и других языках, использующих нелатинский шрифт, пишутся в русской транскрипции). Сначала приводится список работ на казахском, русском языке и на языках с близким алфавитом (украинский, болгарский и др.), а затем - работы на языках с латинским алфавитом. Ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки;

- таблицы помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

- рисунки (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков – сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

- сокращения разрешаются применять только общепринятые — названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;

- математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

8. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять по адресу: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Орынбор, 4, БЦ «Алтын Орда», 15 этаж. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина.

9. Контакты: тел. (8 7172) 57 66 49

E-mail:

bilim-edu.2003@mail.ru

// подписной индекс 75754

nao12@list.ru

// подписной индекс 75382

profkaz@mail.ru

// подписной индекс 75939

10. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

Реквизиты: РНН 600900611860, БИН 080940006848, ИИК KZ44826Z0KZTD2004082, БИК ALMNKZKA, Кбе 16, АО «АТФ Банк», г. Астана

Журналдың құрылтайшысы:

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде есепке тіркеліп,
2003 жылғы 15 қазанда №4334 Ж куәлігі берілген.*

Құрметті оқырмандар мен авторлар!

*Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына,
сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз
көшіріп басуға болмайды.*

Уважаемые читатели и авторы!

*Опубликованные материалы в журнале не отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях,
а также за стилистические ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале,
допускается только с согласия редакции.*

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК.

2000 жылдың мамырынан шыға бастады. Басылым 3 айда бір рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2008 жылғы 30 желтоқсанда №9838-ж куәлігімен қайта тіркелді.

“Білім-Образование” журналы педагогика ғылымдары бойынша Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті бекіткен басылымдар тізіміне 2003 жылғы 17 қазандағы №12 Алқа шешімімен енгізілді.

Учредитель: РГКП «Национальная академия образования им. Б. Алтынсарина» Министерства образования и науки Республики Казахстан. Журнал издается с мая 2000 года. Поставлен на учет Министерством культуры и информации РК. Свидетельство № 9838-ж от 30.12.2008 г.

Журнал решением коллегии №12 от 17 октября 2003 года входит в список педагогических изданий Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки.

Мекенжайы:

Астана қ.,

Орынбор көшесі, 4

“Алтын Орда” БО, 15-қабат.

тел.: 8 (7172) 57-66-49

E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

Басуға 16.06.2014 ж. қол қойылды.

ш.б.т. - 5. RISO басылым.

Таралымы - 329 дана.

Б. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның баспа орталығында басылып шығарылды.

